<https://www.instagram.com/p/CE8C3t8poKn/>

8-11 сыныптар аралығында «Тұлғаның ерен келбеті» атты үш тілді шығармалар байқауы ұйымдастырылып, үздік шығармалар марапатталды.

<https://www.instagram.com/yuagagarin/> <https://www.facebook.com/yuagagarin>

Қыркүйек айының 3 мен 8-і аралығында 5 қыркүйек қазақ лингвистикасының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынов пен Қазақстан Республикасы халқының Тілдер күнін біріктірген атаулы күніне орай мектепте жоспар құрылып бекітілді. Жоспар бойынша төмендегі іс-шаралар өткізілді. «Тілдер күніне» арналған салтанатты ашылуы өтті. Тізілімде оқушылар үш тілде қазақ, орыс, ағылшын тілінде тақпақ оқыды <https://www.instagram.com/p/CEuN1W2p1Fv/>

Мектебіміздің I қабатындағы теледидардан «Қасиетті ана тілім» слайды апта бойы көрсетіліп тұрып, «Тіл мәртебесі- ел мәртебесі» үш тілде стенд безендірілді.

Тілдер күніне байланысты «Тіл-ұлт байлығы» атты апталықтың қорытындысы ретінде қойылған әдеби кештің тақырыбы: «Туған тілім -тірлігімнің айғағы».

<https://www.instagram.com/p/CEuOGRtJAm8/>

Мақсаты: Жас ұрпақты ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуге шақыру.

Кеш 5-9 сынып оқушылар арасында өтті. Кеш 7 «А» сынып оқушысы Есенғұтты Ерсұлтаннның орындауындағы «Аққу» күйімен ашылды. Фанфары ойнап, ортаға жүргізушілер шықты. Жүргізушілер 8 «Б» сынып оқушылары Сәбина мен Сәзім қазақ және орыс тілінде жүргізілді. Тілдер күні не себепті 5-қыркүйек болып өзгертілгені туралы айтылып өтіліп, 8 «В» сынып оқушыларының ағылшын тіліндегі құттықтау сөздерімен жалғасты.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»- демекші, біздің ана тіліміз – атадан-балаға мирас болып жеткен асыл қазына. Ақын-жазушылардың қазақ тілін сүйе-қадірлеу туралы өлең-жырларын жатқа мәнерлеп оқу үшін 5-7 сынып оқушылары ортаға шақырылды.

5 «А» сынып оқушысы Бексейіт Бекарыс Сәкен Сейфуллиннің «Біздің жақта» әнін орындады. Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра-демекші, күмбірлеген күймен құлақ құрышын қандырып, бойға шабыт сыйлаған қазақтың күйі «Ата толғауы» күйін 9 «Б» сынып оқушылары Аружан мен Алуа орындап шықты.

Ұлы ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының 45 қара сөздерінің ішінен 17-қара сөзін орыс тілінде 7 «А» сынып оқушылары талдап көрініс ретінде көрсетіп, мағынасын ашып берді.

Биылғы оқу жылында ұлы дала қазақ елінің біртуар перзенттерінің туған күндері аталып өтілетіндіктен оқушылар Абай Құнанбайұлының, Сәкен Сейфуллиннің, Фариза Оңғарсынованың портреттерін алып шығып бір-бір өлеңдерін мәнерлеп оқып оқушыларға таныстырды.

Кештің соңы 5 «Б» сынып оқушыларының «Әрқашан күн сөнбесін» үш тілде орындаған әнімен аяқталды.

Ұстаздар күні және қарттар күніне орай «Өнегелі өмір» жобасы аясында ардагер ұстаз Бимакашева Бәтін Сейітжаппарқызымен қанықтықтан онлайн форматта кездесу өткізді. Қатысушылар: 8-10 сынып оқушылары, жасұландықтар.

https://www.instagram.com/p/CGfj6D-pDtP/?utm_source=ig_web_copy_link

Ұстаздар күніне орай «Ұстаз – ұлы тұлға!» атты ұстаздарға арнау челленджін ұйымдастырды. Қатысушылар: 5-8 сынып оқушылары, жасұландықтар. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер қозғалысы» жобасы.

https://www.instagram.com/p/CGfaH4lpvfd/?utm_source=ig_web_copy_link

«1 мамыр – Халықтар бірлігі күніне» отбасы мен жақындарының амандығы, өз елінің болашағы үшін бірлік пен келісім құндылықтарын ұғыну мақсатын ашуға ықпал ету мақсатында «Бінтымағы жарасқан көп ұлтты Қазақстан» Видеоролик TV, «1 мамыр – Халықтар бірлігі күні», атты стенд безендірілді. «Қазақстан-достық шаңырағы» сынып сағаттары өтті. «Қайырымдылық керуені: 30 игі іс» «Ақадырға 1000 тал» қайырымдылық марафон акциясы, «Қазақстан – ортақ Отанымыз» атты өн шашу ұйымдастырылды.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

19 желтоқсан күні, 7-11 сыныптар аралығында «Сәкеннің өнегелі жолы» тақырыбында өмірі мен шығармашылығы әділдік пен адалдық қағидаларымен ұштасқан Сәкен Сейфуллиннің рухани-адамгершілік мұрасына арналған дәстүрлі онлайн адалдық сағаты өтті. Бейне-дәріске арнайы сілтеме ақылы қосылып zoom платформасында онлайн ұйымдастырылды

<https://www.youtube.com/watch?v=-Ro7dcnm75U>. Жас ұрпақты патриоттыққа, Отанын сүйуге, халық тілегін іс жүзіне асыруда қандай қауіп қатерден де қорықпай, қиындықты жеңе білуді үлгі етуде Сәкендей тұлғаның орны ерекше. Адалдық, кішіпейілділік, ар азығына кір келтірмеушілік, шыншылдық сынды құндылықтарды таза сақтап қалған тұлғасымен және көркем туындылары арқылы ол кейінгілерге – ұстаз, мектебіміздің жастарына осы туралы бүгінгі онлайн «Адалдық сағатында» толық айтылып, көрсетілді.

https://www.instagram.com/p/CJA_xfJpSKU/ <https://www.instagram.com/yuagagarin/>

23-қараша Жалпыадамзаттық құндылықтар күніне орай «Өз қадірің – өз байлығың» тақырыбында мәңгерлеп оқу өткізілді. Қатысушылар: 5-10 сынып оқушылары, жасұландықтар. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер қозғалысы» жобасы. https://www.instagram.com/p/C1yx3qMpXx9/?utm_source=ig_web_copy_link

Рухани-адамгершілік әлеуетін арттыруға, құндылық бағдарларын, қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытуға тәрбиелеу мақсатында 0-11 сыныптарда «Сүйіспеншілік – адамның басты қасиеті, ақиқат-оның негізі, дұрыс әрекет-оның шынайы өмірі» атты сынып сағаттары қашықтықтан және кезекші сыныптарда өтті. 1-7 сыныптарда өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Құндылық. Игілік. Рух.» тақырыбында оқушылар өлеңдер оқып, сурет салып, эссе, шығармалар жазды. Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Г. Орымбекова, Ж. Бляловалардың ұйымдастыруымен 5-9 сынып оқушыларының «Жүрек қуанышы» атты шығармашылық жұмыстар көрмесі қойылды. Кезекші сыныптың оқушыларына кітапханашылар «Рухани-адамгершілік» атты кітап көрмесі қойып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 5-ші кезекші сыныптарда «Балалықтың бал шағы», «Мен бақытты баламын» атты сурет көрмесі фойеге ілінді.

Н. Жакен, Г. Қайыржанқызының ұйымдастыруымен 5-7 сыныптарда «Өз қадірің – өз байлығың» тақырыбында жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін өлең-жырларын арнап, челлендж ұйымдастырылып инстаграм, фейсбук желілеріне жүктелді. Ұлы Абай атамыздың нағыз адами, рухани құндылықтарға үйрететін «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін ерекше ынтамен, мәнерлеп оқыды. Жас ұрпақ өздерінің қоғамға қосар үлесін сезініп, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптей білді.

Мектеп психологтары мектептегі жас мамандармен «Сүйіспеншілік әрбір жүректе!» атты тренинг өткізді.

«Өнегелі өмір» облыстық жоба

Жобаның мақсаты – мектеп оқушылары мен жетістік пен табысқа жеткен жерлестерімен кездесулерін ұйымдастыру. Жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Өмірге дайындау, қоғамда, өмірде өз орындарын таба білуге баулу және кәсіби бағдарлау.

Ю. А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінің «Өнегелі өмір» жобасын жүзеге асыру бойынша 2020-2021 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар негізінде кездесулер өз деңгейінде ұйымдастырылып, өткізілді. Жоба 7-11 сыныптар аралығында жүзеге асырылды.

9. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Денсаулық күніне орай «Көңілді ырғақтар» атты қашықтан жаттығулар кешенін жасап, бейнеролик түсірді. Қатысушылар 5-7 сынып оқушылары, жасұландықтар. НЗМ-нің «Денсаулық күні» жобасы

https://www.instagram.com/p/CFgbXJjI_wC/?utm_source=ig_web_copy_link

2021 жылдың 15-20 ақпан аралығында өткізілетін «Денің сау болса, бәрін аласың» салауатты өмір салты кафедра апталығында атқарылған іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсаты: Салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы ортаны қалыптастыру, оқушылардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дамыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру.

«Денің сау болса, бәрін аласың» салауатты өмір салты кафедра апталығының ашылуы болды. «Денің сау болса, бәрін аласың» салауатты өмір салты апталығының аясында инклюзивті білім беру мамандарының ұйымдастыруымен "Қыс қызығы" атты отбасылық сайыс өтті.

«Менің баламның физикалық дамуы» тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама

«Дене шынықтырудан Олимпиадалық шыңдарға дейін» Олимпте Олимпиада алауын жағу туралы қысқаша әңгіме «Денешынықтыру сауаттылығы-теориялық және практикалық» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларынан тест алынды. «Баскетбол мергені» сайысы өтті. I орын - II «А», II орын - II «Б»,

III орын - 9 «Б» сыныптары қатысып жеңіске жетті. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі: Р.Қ.Қосыбаев «Дені сау болу – сәнді!» флешмоб өткізілді. Флешмоб жоғары сыныптың жасұландықтарының әзірлеуімен 5-сыныптар аралығында өткізілді. Оқушылар спорттық флешмоб биі арқылы салауатты өмір салтын сақтаудың маңыздылығын, спорттың адам өмірінде алатын орнын ұғынып, шығармашылықтарын арттырды. Жауапты: Н.Жеңісов, Г.Жумабекова. 6-сыныптар аралығында «Спорт әлемі!» атты интеллектуалды викторина өтті. Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру, жылдамдыққа, икемділікке, күштілікке, төзімділікке баулу. Өткізгендер: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қасым Б., математика пәнінің мұғалімі Сулейменова Б.К., «Жас ұлан» ұйымының тәлімгері Жумабекова Г.К. 7-ші сыныптармен "Ойын әлемі!" әлем елінің ойындары туралы танымдық сағаты өтті. Мақсаты: Әлем елдерінің үстел ойындарының түрлерімен танысу, үстел ойындарының артықшылықтарын айқындау Тақырыбы : «Күш, сұлулық және денсаулық!»

фитнес

биі

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа баулу. Өткізген Коянбаев А.К «Таң, жаттығулардан басталады!» Таңертеңгілік жаттығу 11 сыныптар арасында. Мақсаты: таңертеңгі жаттығу денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға, жұмыс қабілетін арттыруға әсер етеді. Жауапты ұстаздар: А.Есжанов, А.Нокин 1-4 сыныптар мен ата-аналар аралығында «Дені сау отбасы-дені сау балалар» спорттық сауықтыру челленджі «Салауатты өмір салты» апталығы аясында 1-4 сыныптармен сабақта және үзіліс кезінде қозғалмалы жаттығулар жасалды 5-11 сыныптар аралығында «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында сынып сағаттары өткізілілді. II «А» сыныбында тәлімгерлік сабақ: Баскетбол допты торға лақтыру техникаларын және шабуылда, қорғаныста ойнау әдістерін үйрету. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі: Б.А.Қасым

5-сыныптар аралығында «Мини-футбол» турнирі өтті, жауапты ұстаздар: Ж.Махмутов, Р.Қосыбаев I орын- 5 "Д" II орын - 5 "В" III орын - 5 "Б" сыныптары жеңіске жетті

«Мен спортты сүйемін» сайысының «Жерден жатып кеудені көтеру», «АК-74 макетін шашып-жинау» «Ақсауыт» ӘСК мүшелері арасындағы жарыс. Осындай іс – шаралардың өтуі оқушылардың намыстарын оятып, спортқа деген қызығушылықтарын арттыра түседі. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Жеңісов Нұрбол Жеңісұлы. 9,11 сыныптар аралығында «Волейбол» сайысынан мини-турнир өтті. I орын- II «А» II орын - 9 «Б» III орын - 11 «Б» сыныптары жеңіске жетті

9 сыныптар аралығында «Скиппинг» арқанмен секіру сайысы өтті. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау; мектептің арқан тартысындағы үздік секірушілерді анықтау; балаларды спортпен айналысуға тарату; жауапты: дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері: А.З.Тусупов, А.Қ.Қоянбаев

«Денің сау болса, бәрін аласың» салауатты өмір салты кафедра апталығы өтті. Салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы ортаны қалыптастыру, оқушылардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дамыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру мақсатында жоспарланған іс-шараларға оқушылар, ата-аналар және ұстаздар белсене қатысты. Спорттық сайыстарға эстафеталарға, ойындарға, әскери спорттық жарыстарға, ашық тәрбие сағаттарына белсене қатысқан оқушылар мадақтамалармен марапатталды

SWOT - талдау

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Мектеп ғимаратының орналасу жағдайы оқушылардың дамуына ықпал етеді (спорт кешені, өнер мектебі, мәдениет үйі); ✓ Оқушылардың әлеуметтік жағдайын саралауда әлеуметтік-психологиялық қызметінің жұмысы (рейдтер сыныптардың әлеуметтік паспорты, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау) жақсы дамыған; ✓ Құқықтық тәрбие беруде құқық қорғау органдарымен /ЖҰТҚТ инспекторымен, сот және прокуратура байланысы жақсы дамыған; ✓ «Мектеп – ата-ана – оқушы» үштік одағын дамытуда ата-аналармен жұмыс жақсы жолға қойылып, ата-аналардан меценаттық көмектер көрсетіледі; ✓ Экологиялық тәрбие беруде мектеп ауласын көгалдандыру, мектеп іші, фойе, бөлме гүлдерімен, жасылдандыру жұмыстары жүйелі жолға қойылған; ✓ Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысы мен сынып жетекшілер семинарлары өткізіліп отырылады; ✓ Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жүйелі орныққан, мектеппен тығыз байланысты; ✓ Мектеп жарғысына сәйкес бірінғай мектеп формасы «Біздің форма» фирмасымен келісім шартқа отырғызылған (тұл жетім оқушыларға тегін, аз қамтылған, толық емес, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға жеңілдік түрлері қарастырылған); ✓ Кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйелі қалыптасқан, 9-11 сынып оқушылары келісім шартқа отырылған мекемелерге, ата-аналардың демеушілік қолдауымен аудан, облыстағы оқу орындарына экскурсия жүргізіліп отырады; ✓ «Шаңырақ оқушылар қауымдастығы» жұмысы жүйелі жұмыс атқаруы 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Мектептің дамуындағы мәселелерді шешуге әлеуметтік серіктестіктерді арттыру; ✓ Мектепті басқаруда оқушылар кеңесіне жағдай жасау; ✓ Ұстаздар мен оқушылардың мәдениеттің қарым-қатынасын жетілдіру; ✓ Сынып жетекшілердің оқушыларды жұмыс барысында туған елінің тарихын, ұлы тұлғаларын, салт-дәстүрлерін білуге жағдай туғыза алмауы; ✓ Оқушылардың туған жерінің тарихын зерттеуге қызығушылықтарын арттыра отырып, мұражай жұмысын жетілдіру; ✓ Сабақ оту барысында, жарыстарға дайындық кезінде спорт элементтарының жетіспеушілігінің кедергі тудыруы.
Қауіп	Мүмкіндік
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Кәмелет жасқа толмағандар арасында кейбір ата-аналардың бала тәрбиесімен айналыспауы; ✓ Әлеуметтік жағдайдың төмендігі; ✓ Ата-аналардың басым бөлігі жұмыс басты болмауы; 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Оқушылардың денсаулығын сақтауға барлық жағдай жасау; ✓ Сынып жетекшілердің инновациялық технологияларды қолдануы; ✓ Сынып жетекшілердің біліктілігін көтеруді дамыту;

Ю.А.Гагарин атындағы мектеп – лицейінің психологиялық қызметтің қорытынды талдауы

Психологиялық қызметінің жұмысы ҚР Конституциясы мен нормативті құжаттарына сүйене отырып жүзеге асырылады. Жалпы мектептегі педагог-психологтың жұмысының мақсаты: білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Педагог –психологтың жұмысы негізгі бес бағытқа сүйене отырып жүзеге асады. Олар: **психологиялық ақпараттандыру; психопрофилактика; психодиагностика; түзету-ағарту жұмыстары; психологиялық кеңес беру.**

Психодиагностика бағыты бойынша I жарты жылдықта және II жарты жылдықта 1-ші сынып оқушыларының мектепке психологиялық даярлығын анықтау бойынша әдістемелер алынады. Оқушылардың ойлау қабілетінің деңгейін анықтау мақсатында 6-7 жас тағы балалардың ой қабілетінің экспресс диагностикасының әдістемесі (ОҚЭЖӨ) жүргізіледі. Бұл әдістеме арқылы 1-сынып оқушыларының жалпы мәліметтілігі анықталады, сандық және сапалық түсінігі, артықшылықты ажырату және математикалық қабілеттің деңгейі анықталады. Нәтижелердің барлығы сынып жетекшілерге беріледі. Осы әдістемелердің нәтижелері бойынша денсаулығында және даму деңгейінде ақауы бар оқушылар анықталып облыстық педагогикалық-психологиялық- медициналық консилиумға жолдама беріледі.

1-ші сынып оқушыларының бейімделуі бойынша қорытынды сараптама

Мақсаты: 6-7 жастағы балалардың ой қабілетінің деңгейін анықтауға арналған. ОҚЭДӨ интеллектке арналған әлемдік тесттер негізіндегі авторлық әдістеме. Ой қабілеттерінің экспресс диагностикасының әдістемесі ("ОҚЭДӨ" әдістемесі) оқушыларға тапсырмалары сурет ретінде ұсынылған. Тапсырмалардың әртүрлігі көптеген ой әрекеттердің ең аз уақытта қамтуға жағдай жасалады. Тест баланың бастауыш мектепте оқуға қабілеттілігі туралы жақсы анықтама береді. ОҚЭДӨ – 4 субтесттен құралған, әрбір тесте 5 тапсырма бар. 1 субтест – оқушылардың жалпы мәліметтерді (сөздік қорын) меңгеруін анықтауға бағытталған. 2 субтест – сандық және сапалық түсінік қатынасына бағытталған. 3 субтест – қисынды ойлау деңгейін анықтауға бағытталған «артықшылығын ажырату» 4 субтест – математикалық қабілеттерін анықтауға бағытталған.

I жарты жылдық - I срез – 102 оқушы қатысты

№	Деңгейі	I субтест	II субтест	III субтест	IV субтест	Жалпы
1	Жоғары	20 (19,6 %)	4 (3,9 %)	31 (30 %)	18 (17,6 %)	20 (19,6 %)
2	Орта	67 (66 %)	21 (20,5 %)	24 (23,5 %)	46 (45 %)	26 (25,4 %)
3	Төмен	15 (14 %)	77 (75,4 %)	47 (46 %)	38 (37,2 %)	56 (54,9 %)

II жарты жылдық - II срез – 96 оқушы қатысты

№	Деңгейі	I субтест	II субтест	III субтест	IV субтест	Жалпы
1	Жоғары	22 (22,9 %)	1 (1 %)	14 (14,5 %)	5 (5,2 %)	9 (9,3 %)
2	Орта	61 (63,5 %)	16 (17 %)	28 (29,1 %)	44 (45,8 %)	29 (30,2 %)
3	Төмен	13 (13,5 %)	79 (82,2 %)	54 (56,2 %)	47 (48,9 %)	58 (60,4 %)

Қорытынды: жүргізілген әдістеменің 2 срездың нәтижелерін салыстырғанда I субтест бойынша жоғары, орташа және төмен деңгейдің көрсеткіштерінде айырмашылық жоқ. II субтест бойынша жоғары деңгей көрсеткіштің 2,9 % төмендеді, орташа және төмен деңгей көрсеткіштерінде айырмашылық көп емес. III субтест бойынша жоғары деңгей көрсеткіші 15,5 % төмендеді, орташа деңгей көрсеткіші 5,6 % жоғарлады және төмен деңгей көрсеткіші 10,2 % жоғарлаганы байқалды. IV субтест бойынша жоғары деңгей көрсеткіші 12,4 % төмендеді. Жалпы 4 субтест бойынша жоғары деңгей көрсеткіші 10,3% төмендегені байқалды, орташа деңгей көрсеткіші 4,8 % жоғарлады және төмен деңгей көрсеткіші 5,5 % жоғарлады.

Оқушылардың II срездегі көрсеткіштердің төмендеуіне себеп болған тапсырмалардың қиындауына байланысты және оқушылардың назар салып тыңдамауы болуы мүмкін.

4-ші сынып оқушыларының бейімделуі бойынша жалпы сараптама

Мақсаты: орта буынға көшетін бастауыш түлектерінің дайындық деңгейін анықтауда маңызды белгілерін диагностикалау. Әдістемеге қатысқан оқушы саны – 93

№	Сынып	Мотивация деңгейі	Есте сақтау көлемі	Мағыналы есте сақтау	Ойлау мен логикалық операцияларды меңгеруін анықтау		
					Жалпылау	Топтастыру	Аналогия
1	Жоғары	16 (17 %)	57 (63 %)	29 (32%)	15 (17 %)	7 (8 %)	7 (8 %)
2	Орташа	65 (70 %)	31(34%)	35 (39%)	39 (43 %)	64 (71 %)	23 (25 %)
3	Төмен	12 (13 %)	2 (2%)	26 (29%)	36 (40 %)	19 (21 %)	60 (67 %)

Қорытынды: -оқуға мотивация деңгейін анықтауда 17 % оқушыда жоғары деңгей, 70 % оқушыда орташа деңгей және 13 % оқушыда төмен деңгей анықталды; -есте сақтау көлемінің деңгейін анықтауда 63 % оқушы жоғары деңгей, 34% оқушы орташа деңгей және 2% оқушы төмен деңгей көрсетті; -мағыналы есте сақтау қабілетінің деңгейін анықтауда 32% оқушы жоғары деңгей, 39% оқушыда орташа деңгей және 29% оқушыда төмен деңгей.

Ойлау мен логикалық операцияларды меңгеруін анықтау барысында жалпылау, топтастыру және аналогия жасау қабілеттерінің деңгейлерікелесі нәтиже көрсетті:

Жалпылау - 17 % оқушы жоғары деңгей, 43 % оқушы орташа деңгей және 40 % төмен деңгей көрсетті. Топтастыру - 8 % оқушы жоғары деңгей, 71 % оқушы орташа деңгей және 21 % төмен деңгей көрсетті. Аналогия бойынша 8 % оқушы жоғары деңгей көрсетті, 25 % оқушы орташа деңгей және 67 % оқушы төмен деңгей көрсетті.

Пән мұғалімдеріне және сынып жетекшіге келесі ұсыныстар берілді:

-оқушыларда оқуға мотивациясын жоғарлату; сабақта ойлау және логикалық қабілеттерін дамытатын жаттығуларды қолдану; ойлау қабілетінің топтастыру, жалпылау, классификация және аналогия жасау операцияларды дамытатын жаттығуларды қолдану.

5-ші сынып оқушыларының бейімделуі. Бесінші сыныпта оқыту жағдайы түбегейлі өзгереді.

Балалар негізгі мұғалімнен «сынып жетекші» жүйесіне, сабақ беруші ұстаз – біреу ғана емес, бір неше мұғалімге ауысады. Сабақтар әр түрлі кабинеттерде жүреді. Негізінен бастауыш сыныптан орта буынға көшу балалық шақтың аяқталуымен сай келеді. Тәжірибе көрсеткендей бұндай кезенді көптеген балалар өз өмірлеріндегі ең негізгі кезең деп қабылдайды. Олар өздерінің «кіші сыныптағы оқушымын» деп санамайды, және бұл кезенді мақтан тұтады. Бастауыш сыныптан орта буынға көшу оқушының психикасының жүктемесінен өсуімен байланысты. Психологиялық және психофизиологиялық зерттеулер көрсеткендей оқушылар жаңа оқу барысына бейімделу кезеңін бастан кешіреді. Оқытудың шарттарның күрт өзгеруі, талаптардың әр түрлі болуы, бастауыш сыныптағы «үлкен» деген атаудан күрт «ен кішілер» деген позицияда болуы оқушы психикасы үшін күрделі тәжірибе болып табылады.

Мектептің сабақтастық жоспары бойынша оқушылардың оқуға деген мотивациясын анықтау, қобалжу деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алынады. Сонымен қатар, интеллектуалдық деңгейін анықтау әдістемесі жүргізіледі.

№	Сынып	Қобалжу деңгейі				Мотивация		
		жоғары	орташа	төмен	көтермелі жоғары	жоғары	орташа	төмен
1	5 «А»	0	5-20%	19-76%	1-4%	3-12%	20-80%	2-8%

2	5 «Б»	0	3-12%	20-83%	1-4%	3-12%	17-70%	3-12%
3	5 «В»	0	9-39%	13-56%	1-4%	1-4%	19-82%	3-13%
4	5 «Г»	0	6-28%	13-61%	0	1-4%	17-80%	1-4%
5	5 «Д»	0	9-39%	12-52%	1-4%	3-13%	15-65%	4-17%
6	5 «Е»	1-3%	4-14%	22-81%	0	3-11%	22-81%	2-7%

№	Сынып	Интеллектуалдық деңгейі		
		жоғары	орташа	төмен
1	5 «А»	0	2-8%	23-92%
2	5 «Б»	2-8%	9-37%	13-54%
3	5 «В»	0	3-13%	20-86%
4	5 «Г»	0	4-19%	15-71%
5	5 «Д»	0	1-4%	21-91%
6	5 «Е»	3-11%	11-40%	13-48%
Барлығы 144		5-3%	30-20%	105-72%

Қорытынды: 5 «А» сыныптан 1 оқушы, 5 «Г» сыныбында 2 оқушы, 5 «Д» сыныбында 1 оқушы, және 1 оқушы қашықтықтан оқып отырғандықтан әдістемеге қатыспады. 2 оқушы ерекше оқытуды қажет ететіндіктен әдістемеге қатыспады. 1 оқушыдан ата-анасының келісімі болмағандықтан әдістеме алынбады. 5 «Б», 5 «В», 5 «Е» сыныптары толық қатысты.

Интеллектуалдық деңгейінің жоғары көрсеткіші 5 оқушы 3%, орташа деңгей 30 оқушы 20%, төмен деңгей 105 оқушы 72%. **Мотивацияны анықтау әдістемесі бойынша** жоғары көрсеткіш 14 оқушы 9%, орташа деңгей 110 оқушы 76%, төмен деңгей 15 оқушы 10%. **Қобалжу деңгейі** жоғары көрсеткіш 1 оқушы 0,6%, орташа көрсеткіш 36 оқушы 25% көтермелі жоғары көрсеткішті 4 оқушы 2% төмен деңгейді 99 оқушы 68% көрсетіп отыр. Әдістемелердің қорытындылары мектептің педагогикалық-психологиялық консилиумда таныстырылып, қарастырылады. Әдістемелердің нәтижелері бойынша мәселелері бар оқушылармен психолог тарапынан жеке жұмыстар жүргізіліп, тіркеледі.

Сынып жетекшілерімен пән мұғалімдеріне төмендегі ұсыныстар айтылды: оқушылардың оқуға мотивациясын жоғарлату; қобалжу деңгейі жоғары оқушылармен жұмыстар жүргізу; пән мұғалімдері жағымды сөздер айтып, оқушыларды малақтап отыру керек; сынып жетекшілері оқушылармен және де пән мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынаста болу керек деген ұсыныстар айтылды.

Сұраныс бойынша 2-3-сыныптармен жылдық жоспарға сай сұраныс бойынша жұмыс жүргізілді. Сұраныс 3 «ә», «б», «в» сынып жетекшілерінен түсті бұл сыныптардан оқушының оқу мотивациясын анықтауға арналған сауалнама (Н.Г. Лусканова) және социометрия алынды.

Оқушының оқу мотивациясын анықтауға арналған сауалнама (Н.Г.Лусканова) нәтижесі бойынша жоғары деңгей 24 оқушы 33%, оқудан тыс шаралар көп қызықтырады 15 оқушы 20%, тұрақты 24 оқушы 33%, төмен 5 оқушы 7%, жалпы көрсеткіш жаман емес деп айтуға болады.

№	Сыныптар	Жоғары	О.т.ш.к.қ	Тұрақты	Төмен
1	3 «ә»,	7-29%	5-20%	5-20%	4-16%
2	3 «б»,	6-25%	7-29%	10-41%	0
3	3 «в»	11-45%	3-12%	9-37%	1-4%
4	Барлығы 72	24-33%	15-20%	24-33%	5-7%

Социометрия әдістемесі бойынша жалпы 3 «Ә», «Б», «В» сыныптарында көшбасшы 4 оқушы 5%, беделділер 11-15%, шектелгендер 8-11%, қабылданғандар 49-68% көрсеткіштер қанғаттандырарлық.

№	Сыныптар	Көшбасшы	Беделділер	Шектелгендер	қабылданғандар
1	3 «Ә»,	1	2	5	16
2	3 «Б»,	2	6	3	13
3	3 «В»	1	3	0	20
4	Барлығы 72	4-5%	11-15%	8-11%	49-68%

Қорытынды 3 «Ә», «Б», «В» сыныптарында барлығы 72 оқушы оның 68 -нен әдістемелер алынды 4 оқушы денсаулығына байланысты сабақта болмағандықтан әдістемеге қатыспады. Алынған екі әдістеме бойынша анықтамалары сынып жетекшілерге беріліп, ұсыныстар айтылды.

Жылдық жоспардан тыс Шет ауданы білім бөлімінен келген хатқа сүйене отырып Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы шығарған, білім беру ұйымдарында кәмілетке толмағандар арасында мектеп буллингтің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдарды қолдана отырып 5 сыныптардан «Тамаша сыныптастар», «Сыныптағы жағдай», «Оқушылардың мектеп өміріне қанағаттануын зерттеу», «Буллингтің» не екенін білесіз бе? Атты сауалнамалар алынды.

Буллингтің не екенін білесіз бе? сауалнама нәтижесі

1. Сіз «Буллингтің» не екенін білесіз бе? иә-71-50%, жоқ -53-37%
2. Сіз бір адамның басқаға мазақ болғанын кездестірдіңіз бе? Иә, тап болдым - 75-52%, кездестірмедім- 49-34%.
3. Егер кездестірген болсаңыз, онда қандай түрде: а) кемсіту - 44-30%, б) қорлау (ауызша агрессия) - 22-15%, в) физикалық зорлық-зомбылық- 6-4%, в) қорлауды телефонға түсіру- 8-5%, г) кибербуллинг (қауіптер, қорлау және интернетте кемсіту) - 7-5%.
4. Сіз өзіңіз айдап салудың қатысушысы болдыңыз ба? а) иә, бақылаушы ретінде - 13-9%, б) иә, құрбаны ретінде - 8-5%, в) иә, агрессор ретінде (қорлаудың бастамашысы кім)- 4-3%, г) жоқ (болған емес) -81-57%.
5. Айдап салу жиі қайда болады? а) мектепте -16-11%, б) аулада, көшеде - 38-26%, в) әлеуметтік желілерде - 21-14%, г) басқа яғни жоқ - 43-30%.
6. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, айдап салуға (буллингке) кім жиі ұшырайды? а) әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам- 74-52%, б) басқалардан айырмашылығы бар адам (сыртқы, физикалық) - 11-7%, в) өз пікірі бар адам- 22-15%, г) басқа- 14-9%.
7. Сіз педагогтер тарапынан мектеп оқушыларына қысым көрсеткен жағдайымен кездестіңіз бе? а) иә, жиі- 9-6%, б) иә, бәрақ сирек - 33-23%, в) жоқ, кездестірген жоқпын)- 83-58%.
8. Ересек адамдар айдап салудан қысым көрген балаларға жеткілікті көмек көрсетпейді деп ойлайсыз ба? а) иә - 22-15%, б) жоқ - 42-29%, в) бұл туралы ойланбадым - 62-43%.
9. Сіз қалай ойлайсыз, білім беру ұйымында қысымды болдырмау мүмкін бе? а) иә, егер уақытында ересектер байқаса - 44-30%, б) иә, егер жәбірленуші өзінің мінез-құлқын өзгертсе - 26-18%, в) жоқ ол белгісіз - 48-33%; г) басқа- 6-4%.
10. Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында буллингтің жолын кесуге кім қабілетті? а) әкәмшілік - 26-18%, б) педдагогикалық ұжым - 24-17%, в) ата-аналар - 27-19%, г) оқушылар - 18-12%, д) басқа - 30-21%

Қорытынды: 5 – сыныптар бойынша жоғарыда көрсетілген нәтижелерді қотындылай келе жалпы оқушылар буллингтің не екенін білесіз бе? деген сұраққа 50 % білетіндіктерін көрсетті. Екінші сұрақ бойынша басқаға мазақ болған адамды кездестірген оқушы 52 %. Осы сұрақта кемсіту бойынша 44-оқушы 30% көрсетіп отыр. Бұл ойланарлық жағдай. Келесі айдап салудың қатысушысы болдыңыз ба? деген сұрақ бойынша, «жоқ» деген жауапты 81 оқушы 57 % көрсетті. Бұл қуанарлық жағдай. Бесінші сұрақта басқа, яғни «жоқ» деп 43 оқушы жауап берді. Яғни көпшілігі айдап салудың қайда болатынын білмейді. Оқушылардың көзқарасы бойынша буллингке 74 оқушы әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам тап болатынын айтты. Оқушылардың айтуы бойынша мектеп оқушыларына мұғалімдер тарапынан қысы көрсетіле ме?

деген сұраққа «жоқ, кездестірген жоқпын» деп 83 оқушы жауап берді. Мектепте қысымды болдырмау мүмкін бе? деген сұраққа басым көпшілігі яғни 48 оқушы «жоқ, ол белгісіз» деп жауап берді. Соңғы сұрақ жауаптарын сараптай келе әкімшілік, ұжым, ата-ана, оқушы және басқа жауаптарының арасынан басым көпшілігі «басқа» жауабын таңдады. Қорыта келе, буллинг мәселесі әрі қарай да зерттеуді қажет ететіндігін көрсетіл отыр.

Оқушылардың мектеп өміріне қанағаттануын зерттеу сауалнамасы нәтижесі

Сұрақтар	Жауаптар				
	4- нақты келісемін	3- келісемін	2- айту қиын	1- келіспе ймін	0- мүлдем келіспеймі н
Мен таңертен мектепке қуана барамын	61-42%	39-27%	18-12%	8-5%	1%
Мектепке әдетте жақсы көңіл-күйім болады	55-38%	39-27%	16-11%	5-3%	0,7%
Біздің сыныптың сынып жетекшісі жақсы адам	78-55%	24-17%	7-5%	0	0
Біздің мектеп мұғалімдерінен кеңес алуға және өмірлік қиын жағдайда көмек алуға болады	56-39%	37-26%	20-14%	7-5%	5-3%
Менің сүйікті ұстазым бар	95-67%	16-11%	10-7%	0,7	3%
Сыныпта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	38-26%	29-20%	21-14%	9-6%	10-7%
Менің ойымша, біздің мектепте менің қабілеттерімді дамыту үшін барлық жағдай жасалған	57-40%	38-26%	19-13%	2-1,4%	3-2%
Менің сүйікті мектеп пәндерім бар	99-69%	23-16%	2-1%	1-0,7%	0
Менің ойымша, мектеп мені шын мәнінде дербес өмірге дайындайды	57-40%	40-28%	16-11%	5-3%	6-4%
Жазғы каникулда мен мектепті сағынамын	52-36%	36-25%	20-14%	3-2%	14-10%

Қорытынды: Бұл сауалнама бойынша мектепке 61 бала қуана барады. 55 оқушы мектепте жақсы көңіл күйде жүреді. Сынып жетекшісін жақсы көретін 78 оқушы. Мұғалімдерден кеңес және қиын жағдайда 56 оқушы көмек алуға болатынын айтты. 95 оқушының өзінің сүйікті ұстазы бар. 38 оқушы сыныпта өз пікірін еркін айта аламын деп белгіледі. Біздің мектепте өз қабілетімді дамыту үшін барлық жағдай жасалған деп 57 оқушы жауап берді. 99 оқушының сүйікті пәні бар. Мектеп мені шын мәнінде дербес өмірге дайындайды деген сұраққа 57 оқушы нақты келісетінін айтты. 52 оқушы жазғы каникулда мектепті сағына сағынасын ба? деген сұраққа «нақты келісемін» деп жауап берді. Жалпы бұл сауалнама бойынша аса қауіп төндіретін мәселе жоқ. Бұл қуантарлық жағдай. Дегенмен зерттеу жұмыстары жалғасын табады.

9-шы сынып оқушылармен жұмыс. Көптеген оқушылар 9-шы сыныпты аяқтаған соң, белгілі бір мамандықты тандап, колледжге оқуға кетеді. Сондықтан, оқуға деген қызығушылықтары жоғары болып, барлық емтихандарын жақсы бағаммен аяқтап, кәсіби бағдарланулары аса маңызды. Осы тұрғыда түлектермен бірнеше диагностикалық және профилактикалық жұмыстар жүрген болатын. Оқушылардың қызығушылықтарын анықтау мақсатында оқу жылдың басында және аяғында Оптант сауалнамасы алынады. Сауалнаманың нәтижесінде 9 – сынып оқушылары 10 сыныпта оқитын қоғамдық-гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағытарынаң шамаланған таңдау жасайды.

9 –шы сынып оқушыларымен кәсіби бағдар жұмысы бойынша қорытынды сараптама

№	Мамандыққа бейімділігін анықтау тесті	Іскер тип	Әлеуметтік тип	Конвенлды тип	Зияткерлік тип	Әртістік тип	Реалистік	Аралас тип
1	Д.Голланд тесты «Тұлға типін анықтау»	27 (27%)	21 (21%)	6 (6%)	6 (6%)	18 (18%)	3 (3%)	18 (18%)
2	Ата-аналар сауалнамасы	ҚГБ 68 (68%)	ЖМБ 31 (31%)	Колледж 32 (32%)	10 сынып 67 (68%)			
3	Мотивация деңгейін анықтау	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Оптант сауалнамасы	ЖМБ	ҚГБ	
	Сауалнама	9 (9%)	71 (78%)	20 (20%)	Оқушылардың таңдауы	49 (49%)	50 (51%)	

Сараптама: тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау және кәсіби типін бағалау мақсатында Д. Голландтың әдістемесі бойынша іскер тип – 27 оқушы (27%), әлеуметтік тип – 21 оқушы (21%), реалистік тип – 3 оқушы (3%), әртістік тип – 18 оқушы (18%), аралас типке – 18 оқушы (18%) жатады.

9-ші сыныптар арасында жүргізілген Оптант сауалнаманың нәтижесі бойынша 50 оқушы (51%) – қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдаса, 49 оқушы (49%) – жаратылыстану-математикалық бағытты таңдауда.

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша:

- 32 (32%) ата-ана 9-ші сыныптан кейін балалары оқуларын колледжде жалғастыруды ойлап отыр, -67 (68%) ата-ана 10 сыныпта жалғастырады деп жауап берді, - 68 (68%) ата-ана балалары 10 сыныпта қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқығанын қалап отыр, - 31 (31%) ата-ана жаратылыстану –математикалық бағытты таңдауда.

Оқушылардың оқуға деген түртікісін анықтауда сауалнама жүргізілді, соңын нәтижесінде 9 оқушы (9%) жоғары деңгей, 71 оқушы (78%) орташа деңгей және 20 оқушы (20%) төмен деңгей көрсетті.

Қорытынды: 9-сынып оқушылары гуманитарлық бағытқа қызығушылық танытады, алайда көп оқушылар мамандық таңдауға келгенде немқұрайлы қарайды. Сондықтан оқушылардың мамандық таңдауға деген жауап кершіліктерін арттыру керек.

9- шы сынып оқушылар арасында жүргізілген А.А.Андрееваның оқушылардың мектеп өміріне қанағаттануын зерттеу сауалнамасының қорытындысы

№	Сұрақтар	Жауаптар				
		4- нақты келісемін	3- келісемін	2- айту қиын	1- келіспе ймін	0- мүлдем келіспе ймін
1	Мен таңертен мектепке қуана барамын	16 (16%)	31(32%)	37 (38%)	9 (9%)	5 (5%)
2	Мектепке әдетте жақсы көңіл-	32 (33%)	46 (47%)	18 (18%)	2 (2%)	

	күйім болады					
3	Біздің сыныптың сынып жетекшісі жақсы адам	63 (64 %)	26 (26 %)	9 (9 %)		
4	Біздің мектеп мұғалімдерінен кеңес алуға және өмірлік қиын жағдайда көмек алуға болады	25 (25 %)	31(32 %)	32 (33 %)	8 (8 %)	2 (2 %)
5	Менің сүйікті ұстазым бар	46 (47 %)	38 (39 %)	9 (9 %)	3 (3 %)	2 (2 %)
6	Сыныпта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	37 (38 %)	30 (31 %)	27 (28 %)	2 (2 %)	2 (2 %)
7	Менің ойымша, біздің мектепте менің қабілеттерімді дамыту үшін барлық жағдай жасалған	22 (22%)	38 (39 %)	31 (32 %)	6 (6 %)	1 (1 %)
8	Менің сүйікті мектеп пәндерім бар	40 (41 %)	38 (39 %)	17 (17 %)	3 (3 %)	
9	Менің ойымша, мектеп мені шын мәнінде дербес өмірге дайындайды	28 (28 %)	31 (31 %)	30 (31 %)	6 (6 %)	3 (3 %)
10	Жазғы каникулда мен мектепті сағынамын	18 (19 %)	21 (22 %)	36 (37 %)	12 (12%)	11 (12 %)

Қорытынды: сауалнамаға 98 оқушы қатысты. Сауалнаманың әр сұрағының қорытындысы бойынша: -16 % оқушы мектепке қуана баратынын білдірді, 38 % «айтуға қиын» деп жауап берген, мүлдем келіспейтін - 5 % оқушы. - мектепте жақсы көңіл-күйім болады деген сұраққа «келісемін» деп 47 % оқушы жауап берсе, «келіспеймін» деп 2 % оқушы жауап берді. - біздің сыныптың сынып жетекшісі жақсы адам деген сұраққа 64 % оқушы «нақты келісемін» деп жауап берді, 9 % оқушы айтуға қиын деп жауап қайтарды. - біздің мектеп мұғалімдерінен кеңес алуға және өмірлік қиын жағдайда көмек алуға болады деген сұраққа 32 % «келісемін» деп жауап берді, мүлдем келіспейді 2 %. - 47 % оқушыда сүйікті ұстаз бар екен, 2 % оқушы мүлдем келіспейді деген жауап берді. - 38 % оқушы өз пікірін сыныпта еркін айталады, ал 2 % мүлдем келіспейді. 39 % оқушының ойы бойынша мектепте оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдай жасалған, 7 % оқушы келіспейді. - 41 % оқушыда сүйікті мектеп пәндері бар, ал 3 % оқушы келіспейді. -31 % оқушы мектеп шын мәнінде дербес өмірге дайындайды деп есептейді, 3 % оқушы келіспейді. -22 % оқушы жазғы каникулда мектепті сағынады, 37 % оқушы айтуға қиын деп жауап берді, 24 % келіспейді.

Оқушылардың мектеп өміріне қанағаттануын зерттеу сауалнамасының қорытындысы бойынша орташа есеппен: - 32,7 % бүкіл сауалдарға «нақты келісемін» деген жағымды жауап берді; - оқушылардың 33 % 10 сұрақ бойынша «келісемін» деген жауап қайтарды; - 24,6 % сұрақтар бойынша жауап беруге қиналды; - оқушылардың 5,1 % кейбір сұрақтармен келіспейтінін білдірді; - 2,6 % оқушы мүлдем келіспейтінін белгіледі.

Сонымен, сауалнаманың қорытындысы бойынша 9-шы сынып оқушылары мектеп өмірімен қанағаттануын белгіледі.

Сауалнама

1. Сіз «Буллингтің» не екенін білесіз бе?

а) иә - 57 (58%)

б) жоқ - 41 (42 %)

2. Сіз бір адамның басқаға мазақ болғанын кездестірдіңіз бе?

иә, тап болдым - 62 (63 %)

жоқ - 31 (32 %)

3. Егер кездестірген болсаңыз, онда қандай түрде:

а) кемсіту -30 (31 %)

б) қорлау (ауызша агрессия) -24 (24%)

в) физикалық зорлық-зомбылық -9 (9%)

в) мазақтау-1 (1%)

г) кибербуллинг (қауіптер, қорлау және интернетте кемсіту)-3 (3%)

4. Сіз өзіңіз айдап салудың қатысушысы болдыңыз ба?

9 «Д»	16	0	1	15
Барлығы	99	0	7	92
11 "А"	22	0	2	20
11 "Б"	23	0	3	20
11 «В»	16	0	1	15
Барлығы		0	6	55

Сараптама нәтижесі бойынша 9 сынып арасында девианттық мінез-құлыққа бейімділіктің жоғарғы деңгейін көрсеткен оқушы анықталған жоқ. Девианттық мінез-құлыққа орташа бейімділікті 7 оқушы көрсетті. Девианттық мінез-құлыққа төмен бейімділікті 92 оқушы көрсетті. 11 сынып оқушыларының ішінде девианттық мінез-құлыққа бейімділіктің жоғарғы деңгейін көрсеткен оқушы анықталған жоқ. Орташа көрсеткішті 6 оқушы көрсетті және девианттық мінез-құлыққа төмен бейімділікті 55 оқушы көрсетті. Жалпы 9 бен 11 сынып оқушыларынан девианттық мінез-құлыққа жоғары бейімділікті көрсеткен оқушы анықталған жоқ. 13 оқушы девианттық мінез-құлыққа орташа бейімділікті көрсетті. Девианттық мінез-құлыққа төмен бейімділікті көрсеткен 137 оқушы болып анықталды.

11-ші сынып оқушыларын ҰБТ – ға дайындау бойынша оқу жылдың басынан ҰБТ –ге дайындалу стратегиясы ұсынылып, түсіндірілді. Емтиханға психологиялық жағынан қалай дайындалу керек туралы кеңестер берілді, емтиханға тиімді дайындалу үшін әр оқушыға бір күндік кесте құру ұсынылды, сонымен қатар тамақтану тәртібі айтылды, кең ауқымды материалды қалай есте сақтауға болады туралы мәлімет берілді.

Психопрофилактика бағыты бойынша мектебімізде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтармен, КТДЖ инспекторымен бірлесе оқу жылына екі рет қыздар және ұлдар жиналыстары өткізілді. Оқу жылының барысында туындайтын әр түрлі мәселелерді алдын алу мақсатында ата-аналармен, ұстаздармен және оқушылармен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтармен, КТДЖ инспекторының қатысуларымен жиналыстар, жеке профилактикалық әңгімелер жүргізілді.

Психологиялық кеңес беру бағытта мектебімізде психологтардың тарапынан (мұғалім - оқушы, ата-ана-мұғалім, оқушы-оқушымен) өзара туындаған әр мәселелерді, түсініспеушіліктерді екі жаққа да тиімді болатындай бағыт көрсетіп, татуластыру мақсатында жұмыс атқарылады.

Түзету-ағарту жұмыстары бағытында мектеп әкімшілігі, ата-ана, сынып жетекшінің сұраныстары бойынша оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіледі. Көбіне сынып жетекшілер баланың бойындағы өзгерістерді (көңіл-күйі, сабаққа деген қызығушылығының төмендігі, сыртқы келбетінің өзгеруі, деструктивті мінез-құлықтың пайда болуы) байқағанда психологтың көмегіне жүгінеді. Психологтың тарапынан біз біріншіден, сынып жетекшіге оқушының ата-анасын немесе заңды өкілін шақырып сұраныс беруін сұраймыз. Екіншіден, оқушының ата-анасына немесе заңды өкіліне болып жатқан мәселені түсіндіріп, оқушымен маман ретінде жұмыс жүргізуге рұқсат алынады. Үшіншіден, оқушының жас ерекшелігіне сай диагностикалар өткізіледі. Төртіншіден, диагностикалардың қорытындысы дайын болған соң, оның нәтижесі тек оқушының ата-анасына немесе заңды өкіліне айтылады. Биылғы оқу жылында 21 оқушымен жеке жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде өтізілген диагностикалардың шешімі ата-аналарына таныстырылып, кеңестер берілді.

Психологиялық ағарту жұмысы бойынша мектептің ұжымымен жылдық жоспарға сай тоқсанына бір рет директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтармен бірлесе отырып сынып жетекшілер семинары жүргізіледі. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты 2020-2021 оқу жылында мұғалімдермен «Мектептегі зорлық – зомбылықты алдын алу» тақырыбында семинар – практикум өткізді.

Құркүйек айында 1 және 5-сынып ата-аналарымен оқушылардың бейімделуіне кеңестер беру мақсатында ZOOM платформасы арқылы онлайн форматында жиналыстар өткізілді.

5-7 сынып ата – аналарымен «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы» тақырыбында ZOOM платформасы арқылы онлайн жиналыс өткізілді. Шараның мақсаты: ата-аналарға балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы жайлы түсінік беру.

Желтоқсан айында 7-11- сынып қыздарымен ерте жүктілікті алдын алу және қыз баланың тәрбиесіне байланысты қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыста қыз тәрбиесіне қатысты бейнеролик көрсетіліп, құпия түрде сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері сарапталып, сәйкесінше шешімдер қабылданды.

8.04. - 15.04 күндері аралығынды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтармен бірлесіп 9 –шы сынып оқушыларымен «Мамандықтар әлемі сыр шертеді» тақырыбындағы мамандық таңдау іс-шарасына өткізілді. Мақсаты: кәсіптік бағдар бойынша оқушыларға бағыт бағдар беру.

Іс-шара келесі қонақтар шақырылды: мектебімізде программист жұмысын атқаратын Мельник Дмитрий Владимирович; Кондитер маманы Қожамбердина Бейбіт Дулатовна; Шабал Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының ансамбль жетекшісі Рысбекова Айзада Қонысбаевна; Шабал Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығының хореограф Кешубасва Асем; Машинист – нұсқаушысы Ержанов Мансур Ахметұлы; Облыстық коллегия мүшесі, адвокат – Қарбанов Дархан Шаһмаранович, полиция қызметкері: Шет ауданының полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істер жөнінде учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Бекишева Акерке Ардаққызы. Өрт сөндіруші № 34 өрт сөндіру бөлімінің кіші сержанті Абдешов Мейрам Мантаевич. Бапкер бокстан жаттықтырушы Акселеу Асхат Тәжібайұлы. Фармацевт Елубай Фариза Мараловна. Мектебіміздің бас бухгалтері: **Кренцлер Ольга Константиновна.**

Сонымен қатар, «Шет агротехникалық колледжі» ұстаздары: **Жуасбаев Мирас Қаражанұлы** – өндіріс шебері; **Төлеуов Дидар Қайратұлы** – арнай пәндер мұғалімі; Төлеуқенов Мақсат Советұлы – өндіріс шебері; **Сәбит Нұрымжан Мұхтарұлы** – өндіріс шебері.

Мектеп бітіруші түлектерімізге кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында ұйымдастырылған «Мамандықтар әлемі сыр шертеді» тақырыбындағы мамандық таңдау іс-шарасы жоспар бойынша өткізілді.

Жалпы қорытынды: диагностиканың нәтижесі ескеріле отырып, сынып жетекшілерге, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне оқушының білім тексерудегі қорқынышын және алаңдаушылығын төмендетуге жұмыс жүргізу керектігі, сонымен қатар, оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігін жоғарылату, бейімделмеген оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, пән мұғалімдері оқушылардың танымдық үрдістерінің даму деңгейін ескере отырып, білімін бағалау кезінде сәйкес әдісін іздеуге тиіс, мектепке деген қызығушылығы жоғары оқушылардың қызығушылығын сақтап, олардың қабілеттерін одан әрі дамыту керектігі талқыланды.

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
<p>1. Ата-аналармен байланыстың қол жетімділігі.</p> <p>2. Тренингтер ұйымдастыру барысында ұстаз, ата-ана, оқушылар тарапынан қиыншылық тудырмауы.</p> <p>3. 1,4,5,9 сыныптарда диагностикаларды үйреншікті түрде кедергісіз жүргізілуі.</p>	<p>1. Жоспардан тыс жұмыстардың, жұмыс барысына кедергі болуы.</p> <p>2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар және психологтардың бірлескен жоспарының жоқтығынан біраз іс-шаралардың жүзеге асырылмауы.</p> <p>3. Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты мектебіміз 6,7,8,10 -</p>

	сыныптармен жоспардағы жұмыстар жүргізілмей қалды.
Қауіп-қатер	Мүмкіндіктер
<p>1. Кейбір сынып жетекшілер сыныбына келген жаңа оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттемеуі.</p> <p>2. Кейбір ата-аналардың балаларының көңіл күйіне назар аудармауы, алдын ала дабыл қағып, психологиялық көмекке жүгінбеуі.</p> <p>3. Отбасында, мектеп ішінде туындайтын мәселелерді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар және психологтардың бірлесе отырып қарастырмауы.</p>	<p>1. Өзіндік білім жетілдіруге деген мүмкіндіктің еркін болуы.</p> <p>2. Оқушыларға арналған психологиядан курс жазуға мүмкіндіктердің болуы.</p> <p>3. Уақытты дұрыс ұйымдастырып, пайдалануға кедергілердің болмауы.</p>

Мәселе:

1. Кейбір сынып жетекшілер сыныбына келген жаңа оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттемеуі.
2. Кейбір ата-аналардың балаларының көңіл күйіне назар аудармауы, алдын ала дабыл қағып, психологиялық көмекке жүгінбеуі.
3. Отбасында, мектеп ішінде туындайтын мәселелерді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар және психологтардың бірлесе отырып қарастырмауы.

Шешу жолдары:

1. Сынып жетекшілермен тығыз байланыста жұмыс істеу.
2. Мектептің қауіпсіздік командасының жұмысын жандандыру.
3. Қиын өмірлік жағдайда жүрген оқушыларды назардан тыс қалдырмау.

Әлеуметтік педагогтардың атқарған жұмыстары бойынша сараптама

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты: Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы үшін қолайлы (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) жағдай жасау. Әлеуметтену үдерісінде өздігінен даму және өзін-өзі танытуда оқушыларға кешенді әлеуметтену-психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ оқушылардың өмір сүру кеңістігінде оларды қорғау (әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, құлықтылық).

Жұмыс барысында келесі міндеттер орындалды:

-«аз қамтылған», «көп балалы», «толық емес» отбасылардан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;

- қамқорлық пен қорғаншылыққа мұқтаж, мүмкіншіліктері шектеулі, девиантты мінез-құлықты, сондай-ақ, төтенше жағдайға ұшыраған білім алушыларға көмек көрсетуде педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен әлеуметтік сала мамандарымен, қайырымдылық ұйымдармен бірлесе әрекет ету;

- оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау;

- кәсіби бағдар беру мақсатында оқушыларға арналған іс шаралар;

Жоспар бойынша 2020-2021 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында "Мектепке жол" атты республикалық акция туралы үгіт - насихат, көмек көрсету және ықпал ету жұмыстары жүргізілді. Ұстаздардың, ата-аналардың және кентіміздегі кәсіпкерлердің "Мектепке жол" қайырымдылық акциясына қатысуы қамтамасыз етілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету. Жаңа

оқу жылына дайындық кезеңінде әлеуметтік себептер бойынша оқушылардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін көмек көрсету.

Осы акция барысында аз қамтылған, толық емес, берекесіз отбасынан шыққан жалпы саны 15 балаға мынадай көмек көрсетілді: мектеп формалары, блузка, жейде, кофта, юбка, сөмкелер, спорттық киім, оқу құралдары, аяқ-киімдер берілді.

Көмек көрсеткен демеушілер: «Нұрбол» киім-кешек дүкені 75 000 теңге көлемінде 5 оқушыға киім-кешек түрінде және мектебіміздің ұстаздары қатарынан бірталай мұғалімдер ақшалай және оқу құралдары ретінде көмек көрсетті.

Сонымен қатар, еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты ағымдағы оқу жылында аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету уақытша тоқтатылып орнына жалпы саны 385 оқушыға күртеше мен оқу құралдары ретінде материалдық көмек көрсетілді.

Қыркүйек айында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына мониторинг жасалды. Мониторинг жасалу барысында: аз қамтылған отбасынан шыққан – 129 оқушы, көп балалы отбасынан шыққан – 212 оқушы, толық емес отбасынан – 188 оқушы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған – 2 оқушы, оның ішінде тұл жетім – 7 оқушы анықталды. Сонымен қатар, қыркүйек айында құқық бұзушылықтың алдын-алу топтарын құру, жағдайы төмен отбасыларды анықтау, оқушылардың бас құжаттарын тексеру, сыныптардың әлеуметтік паспорттарын құру, әлеуметтік жағдайы төмен балалардың сабаққа қатысуын бақылау ішаралары өткізілді.

Қыркүйек айының соңында оқу жылының басталуына байланысты өткізілген жалпы ата-аналар жиналысында «Мектепке жол» республикалық акциясының қорытындысы таныстырылды.

Қазан айында қолайсыз отбасылардың үйлеріне отбасылық зерттеу актісі жасалып, ата-аналармен және оқушылармен әңгіме жүргізілді. Қолайсыз отбасы қатарында тұрған 2 Г сынып оқушысы Рысқали Жұлдызай сабақты себепсіз жиі босатуына байланысты тұрғылықты мекен жайы бойынша тұрмыстық зерттеу актісі жасалып, ата-анасымен әңгіме жүргізілді. Әңгімелесу барысында анасы отбасы жағдайының төмендегін айта отырып, қазіргі кезде жалдап тұрып жатқан пәтердің қожайыны пәтерді сатуына байланысты бір-екі күннің ішінде босату керектігі жайында айтқанын жеткізді. Мектеп әкімшілігі тарапынан отбасына жергілікті әкімдікке барып, жағдайын айтып көмектесуі жөнінде және Жұлдызайдың сабақты себепсіз босатпауына байланысты ақыл-кеңестер берілді.

29 қазан күні «Қамқоршылар күні» мерекесі ресми түрде аталып өтті. Мектебімізде қамқорлықта 7 оқушы бар. Олар Сатыбалды Айым 10 «А» сынып оқушысы, Кешубаева Амира 10 «Б» сынып оқушысы, Ғабиден Арайлым, Кешубаева Айягүл және Саягүл 9 «В» сынып оқушылары, Шалғамбетов Кенжетай 9 «Г» сынып оқушысы және Мусатаева Сабина 7 «Б» сынып оқушысы. «Қамқоршылар күніне» байланысты онлайн кездесу ұйымдастырылды. Онда мектеп директоры Хасенова Тогжан Мараловна қамқоршыларды мерекелермен құттықтап, тілек білдіріп, әр қайсысына мектеп әкімшілігі атынан алғысын жеткізді.

Әлеуметтік педагог Есембекова Айзада Сабырқызы және Сағынаева Динара Манасқызы қамқоршыларды қамқорлығына алған балаларға жылу сыйлап, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытуды үйретіп, тәрбиелеп жатқандықтары үшін алғыс білдіріп, мерекемен құттықтады. Мерекелік іс-шара соңында қамқоршылар өздерінің жылы лебіздерін білдіре отырып, мектеп әкімшілігіне алғыстарын айтып өтті.

Қараша айында «Бала құқығы – адам құқығы» он күндік аясында оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша 9-11 сыныптар арасында Шет ауданы білім бөлімінің бас маманы Орынтай Болатбековна және ҚЖТДЖ инспекторымен, әлеуметтік педагогтермен бірлескен онлайн дәрістер өткізілді. Кездесу барысында Қазақстан Республикасының құқықбұзушылыққа байланысты заңнамалары мен ескертулерімен таныстырылды. Сонымен қатар, «тәуекел тобында» мектепшілік тізімде тұрған балалармен

құқық бұзушылықтың алдын-алу, алкогольизм, шылым шегудің тигізетін зияндары туралы профилактикалық әңгіме жүргізіліп, толық емес отбасылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын бақылау, қорғаншылықтағы балалардың денсаулықтарын бақылау іс-шаралары өткізілді.

Сонымен қатар, қараша айында Шет ауданы білім бөлімінің аппараттық жиналысында мектебіміздің әлеуметтік саласының жұмысы талқыланып, нәтижесінде жүргізілген жұмыстар жоғары баға алды.

Желтоқсан айында жоспарға сәйкес оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында кенттік мекемелерге экскурсия ұйымдастыруға байланысты кенттік полиция бөлімшесіне хат жолданғанымен, қазіргі кезде болып жатқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты іс-шара орын алмады.

Жаңа жылдық шырша мерекесіне орай, Шет ауданы білім бөлімінің атынан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және көп балалы отбасынан шыққан 2 оқушыға қысқы куртка мен тәтті дәмділер салынған қорапша сыйлыққа берілді. Сонымен қатар, «Локомотив – Транс 2011» мекемесі мектебіміздің әлеуметтік осал топтан шыққан 6 оқушысына жаңа жылдық сый-сыяпат жасады.

Желтоқсан айының соңында 10 А сынып оқушысы Мұздыбаев Нұридден және 10 В сынып оқушысы түнгі уақытта үлкендердің қарауынсыз көшеде жүруіне байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысының шешімімен мектепшілік есепке тіркелді. Шешімге байланысты әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшісінің бірлескен жеке алдын алу жоспары құрылып, түзету жұмыстары жүргізілді.

15 қаңтар күні 8 «Г» сыныбының бірталай оқушыларының қатысуымен Ақадыр кентінің жазушысы, қазақ прозасының көрнекті өкілі, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Өмір Кәріпұлымен «Адалдықты ту еткен қаламгер» атты кездесу өткізілді.

Кездесуді әлеуметтік педагог А. Ессембекова ашып, сөз кезегін оқушыларға ұсынды. Жазушы адамзаттың аса маңызды рухани құндылықтарына тоқталып, жастық шағын еске алып, адамгершілік, ар-намыс туралы, еңбектерінің ең алғаш газет беттеріне және баспаға шыққандағы сезімдерімен бөлісті.

Өмір Кәріпұлының әңгімесіне қанық болған оқушылар өмірбаяны, шығармашылық жоспары туралы сұрақтарын қойып, тиісінше жауап алып жатты. Кездесу соңында мектеп ұжымы атынан нығына шапан жабылып, оқушымыз Нұрланбек Жансерік жазушыға арнап шығарған өлең жолдарын оқып, бата тілек сұрады.

Сонымен қатар, қаңтар айында қамқоршылармен жұмыс жасалды, атап айтқанда әр отбасына жанұялық тұрмыстық зерттеу актісі жасалып, «Қамқоршылар есебі» бойынша есеп алынды.

Қаңтар айының соңында Шет ауданының білім бөлімінен келіп түскен Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде 1 ақпаннан бастап әлеуметтік санатқа жататын отбасылардан шыққан жалпы саны 561 оқушыға, оның ішінде офлайн форматта, яғни, мектепке келіп оқып жүрген 417 оқушыға тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Бұндағы айта кетерлік бір өзгешелік ағымдағы оқу жылынан бастап 1-ші және 2-ші сынып оқушылары әлеуметтік санатқа қарамастан жалпылама түрде түгелімен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Оқушылар оқу процесі барысында 8 лекке бөлініп тамақтандырылды, яғни, I ауысымда 4 лек, II ауысымда 4 лекке бөлінді. Оқушылардың тамақтануына 20 минут көлемінде уақыт белгіленген. Тамақтану барысында асхана бөлігінде тек қана асханаға жауапты ұстаздар мен оқушылар ғана жүрді. Кіреп есік пен шығар есік бөлек ұйымдастырылып, оқушылар еденде белгіленген жолақтармен жүрді. Асханада өзін-өзіне қызмет көрсету түрі жүргізілмеді, яғни, әр оқушының тамағы дайын тұрды. Әр лек сайын 20 минут үзілісте асхана залы тазаланып, дезинфекция жасалды.

Ақпан айында «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы ұйымдастырылды, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шара өткізілді. 10 ақпан күні 5-

7 сыныптар аралығында кәмелетке толмағандардың мектептегі терроризм фактілері мен біле тұра жалған хабарлама үшін жауаптылығы жөнінде дәріс оқылды.

12 ақпан күні 8-9 сыныптар арасында «Құқықтық кеңес беру» тақырыбында кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторымен Ғалым Әйгерім кездесу өткізілді. Және де осы күні педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтердің ұйымдастыруымен «Отбасындағы баланың құқығы», «Баланызды қалай түсінуге болады» тақырыптарында 5-7, 8-9 сыныптарының ата-аналарымен жиналыс өткізілді.

24 ақпанда «Халық банк» Ақадыр филиалының басшысы, еңбекқор қызметкер Алиева Жанар Әбдіғалымқызымен 8-9 сынып оқушылары арасында «Қаржылық жоспарлау: ақшаны есептеуді қалай үйрену керек?» атты дөңгелек үстел өтті. Маман өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, ақшаны тиімді жоспарлап, жұмсаудың қағидаларын айтты. Әр адамның өз табысын тиімді жоспарлаудың құпиясы жайында да сөз қозғады. Оқушылар өз көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды. Қаржы, қаражат, қаржылық сауаттылық, инвестиция деген ұғымдар кім-кімді болсын қызықтырады. Бұл жайында қаржы саласының маманы кеңінен түсіндірді. Оқушыларға түсінікті болатындай қаржы ұғымына анықтама берді.

Наурыз айында 10 А және 10 В сынып оқушылары Мұздыбаев Нұридден және Исаков Алдиярмен жүргізілген түзету жұмыстары оң нәтиже көрсетіп, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысының шешімімен мектепшілік есептен шығарылды.

Наурыз мейрамы қарсаңында мемлекет басшысының бастамасымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында басталған «Қайырымды істер марафоны» мектебімізде де игі істермен жүзеге асты.

Іс-шараның мақсаты мемлекет пен бизнес, еріктілер, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар мен қарапайым азаматтар арасында ынтымақтастық пен серіктестікті қолдау. Халық арасында жомарттық пен жақсылық жасау идеяларын кеңінен насихаттау.

Іс-шара туралы үгіт - насихат, көмек көрсету және ықпал ету жұмыстары жүргізіліп, ұстаздардың, ата-аналардың қайырымдылық акциясына қатысуы қамтамасыз етілді.

Марафон барысында аз қамтылған 6 отбасына, көп балалы 3 отбасына, қамқорлықтағы 2 отбасына, жалпы саны 11 отбасына азық-түлік ретінде көмек көрсетілді.

Көмек көрсеткен ұстаздарымыз: Айман Бирлесовна, Амалхан мұғалім, Үміт Маратовна, Дарья Владимировна, Ардақ мұғалім, Риза Мухаммедиевна, Әсерлі мұғалім, Нүргүл Ахметовна, Жанар Абикеновна, Мөлдір Танкибаевна, Гульмира Жанабаевна, Гүлмира Бейсеновна, Раушан Өмірзақовна, Эльмира Мұғалім, Гүлнар Қасқатаевна, Арнауль мұғалім, Сауле Избасаровна, Гүлшахарбан Наримановна, Аманжол мұғалім, Любовь Васильевна, Айгерім Багдатовна, Фарид Тухметтолаевна, Гульзия Сериковна, Бахыткуль Қуанышбековна, Батырбала Оралбековна, Рахат Ақылбековна, Людмила Николаевна, Алтай мұғалімге, сонымен қатар, марафонға сыныбын қатысуды қамтамасыз еткен Жанат Дамирбулатович пен Ирина Вячеславовнаға және 5 А сыныбы мен 7 Д сыныбының ата-аналарына мектеп әкімшілігі және отбасылар үлкен алғыс білдірді.

Оқушылардан алынған диагностикалық зерттеудің нәтижесінде оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында сәуір айында 9 сынып оқушыларына арналған кенттік мекемелердің тәжірибелі, әрі білікті мамандарымен, атап айтқанда, полиция қызметкері, өрт сөндіруші, әнші, хореограф, бапкер, кондитер, дәрігер, оның ішінде: фармацевт, стоматолог, хирург мамандарымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушылар таңдаған мамандықтарына байланысты көкейлерінде жүрген бірталай сұрақтарға толыққанды жауап алды. Сонымен қатар, онлайн форматта Қарағанды жоғарғы политехникалық колледжімен кездесу өткізілсе, офлайн форматта Қарағанды экономика, құқық және бизнес колледжімен және Шет агротехникалық колледжімен кездесу өткізілді.

Мамыр айының басынан бастап оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында Қарағанды облысының оқу әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен күнделікті сағат 12.00-де облысымыздың колледждерімен таныстыру үшін «Час профориентации» атты вебинарлар

ұсынылды. Аталған вебинардың сілтемесі және кестесі әлеуметтік желі арқылы сынып жетекшілерге жіберіліп, оқушылардың қатысуы қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, мамыр айында Шет ауданы білім бөлімінен жолданған №1-3/406 шығыс хаты, яғни, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 30369/РПП10 мектеп формасына қатысты техникалық ерешеліктері негізінде, мамыр айының 03-14 жұлдызы аралығында мектебіміздің әлеуметтік осал топтарға жататын отбасынан шыққан оқушылардан мектеп формасының техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген киім өлшемдеріне сай әр оқушыдан тиісті өлшемдер қабылданды. Өлшем бірліктері әр ата-ананың өз қолымен ұсынылды.

Қазіргі таңда аталған отбасылардан шыққан 369 оқушыдан өлшем алынды. Мектеп формасына сипаттамасына сай, форманың қою көк.

1-4 сынып қыз балалары үшін – блузка, сарафан, жакет және трикотажды жакет, ал 5-11 сынып қыз балалары үшін, блузка, юбка, жакет және трикотажды жакет ұсынылады.

1-11 сынып ұл балалары үшін – көйлек, костюм, астарлы жейде, шалбар және трикотажды жейде ұсынылады.

Мамыр айының соңында "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік қызметіне сәйкес биылғы оқу жылына әлеуметтік осал топтан шыққан 78 оқушының құжаты жиналып, тізім жасалды.

Аталғандардан басқа, әлеуметтік педагогтер таңертең оқушыларды түгендеп және кешіккен оқушыларды қадағалап, аталған ақпаратты қағаз бетіне түсіріп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына табыстайды. Одан соң тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың уақытылы тамақтануын, тәртібін қадағалап, күнделікті санын есеп табеліне тіркейді. Сонымен қатар, қажет болғанда аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың отбасына тұрмыстық-материалдық зерттеу жүргізеді. Оқушылар арасындағы кикілжің оқиғалар орын алған жағдайда оқушылармен және ата-аналармен әңгімелесу жүргізіп, жұмыс журналына тіркейді.

Сонымен қатар, ай сайын құқық бұзушылықты алдын алу Кеңесі отырысы өткізіледі. Ол жерге сабақты себепсіз босатқан, мектептің ішкі ережесін сақтамаған оқушылар ата-анасымен қоса шақыртылып тәртібі мен үлгерімі талқыланады. Кеңес мүшелеріне аталған сынып жетекшілері тарапынан мінездемелер, оқушылармен жүргізілген жұмыстар ұсынылады. Оқушылардың тәртіптері қарастырылып, талқыланып әр қайсысының өзіне тиесілі шешімі шығарылады. Аталған жұмыстың нәтижесінде оқушылар түзеліп, оңтайлы нәтиже беріп жатады.

Тағы бір айта кететін жайт, алдыңғы оқу жылынан бастап мектепшілік, әрі ювеналды полиция есебінің тіркеуінде тұрған 10 «Г» сыныбының оқушысы Зайпуллаев Мансурмен жүргізілген жұмыстар оң нәтиже таппағандықтан, әлі де есепте тіркеуде тұр. Зайпуллаев Мансур алдыңғы оқу жылының, яғни, 2018 жылдың қазан айының 08-ші жұлдызында тәртібіне және себепсіз сабақ босатуына байланысты мектепшілік есепке алынса, 2019 жылдың 30-шы сәуірінде ювеналды полиция есебіне тіркеуге алынды. Сол уақыттан бері біраз жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісі үйіне барып, бірнеше рет зерттеу актісі жасады, түзету жұмыстары жүргізілуде және сабақтары мен тәртібі қадағалануда, оқушының жағдайы құқық бұзушылықты алдын алу Кеңесін отырысында қарастырылып, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау кенттік және аудандық комиссиясына, кенттік полиция бөлімшесіне қатынас хаттар жолданды. Құқық бұзушылықты алдын алу Кеңесін отырысында әкесіне бірнеше рет ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің №127 бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырып, процессуалдық шешім қабылдау үшін сотқа жолдасын деген шешім қабылданды. Дегенмен, өкінішке орай, аталған жұмыстардан әлі де оңтайлы нәтиже байқалған жоқ.

**Әлеуметтік педагог жұмысына SWOT талдау
2020-2021 оқу жылы**

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау жұмысы бақылауға алынғандығы; 2. Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі отырыстарының уақытылы өтуі; 3. Ата аналармен байланыс; 4. Қамқоршылармен жұмыстың нәтижесі; 5. Жеке кабинеттің болуы; 6. Инклюзивтік білім беру саласында әлеуметтік педагог жұмысының жүйеленуі; 7. Қашықтықтан оқыту барысында әлеуметтік санаттағы отбасыларды қолдау; 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіби бағдар беру жұмысының іңдетке байланысты бәсеңдеуі; 2. Тегін ыстық тамақпен, мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьлерге жолдамамен қамтамасыз ету барысында құжат жинау қиындықтары; 3. Қайырымдылық акциялары кезеңінде демеушілердің аздығы; 4. Есептегі оқушылар санының соңғы оқу жылдарындағы тұрақтылығы; 5. Кейбір сынып жетекшілермен тығыз байланыстың орын алмауы;
Қауіп – қатер	Мүмкіндіктер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Девиантты мінез-құлықты оқушылардың санының артуы; 2. Әлеуметтік қызмет тарапынан оқушыларға ұсынылатын жұмыстар барысында ата – аналардың түсініспеушілік танытуы (кәсіби бағдар беру, қамқоршылармен жұмыс, мемлекеттік қызмет ұсыну барысында); 3. Отбасында, мектеп ішінде кенеттен туындайтын мәселелер; 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өзіңдік білім жетілдіру; 2. Уақытты тиімді ұйымдастыру; 3. Циклограмма жасау; 4. Қайырымдылық акциялары кезінде ірі мекенаттарды тарту; 5. Кәсіби бағдар беру жұмысын дамыту (кездесу кештері, конференция); 6. Құқықтық сауаттылықты арттыру;

Анықталған мәселелер:

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша құжаттар жинау барысында сынып жетекшілердің қолдау көрсетпеуі;
2. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуының сынып жетекшілер тарапынан қадағаланбауы, мерзімді түрде әлеуметтік педагогтерге ескертпеуі;
3. "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша құжаттар жинау барысында сынып жетекшілердің қолдау көрсетпеуі;
4. Техникалық құрал жабдықтың толыққанды қамтамасыз етілмеуі (шкаф, телефон, ғаламтор желісі);
5. Кәсіби бағдар беру жұмысын жүйелендіру;

Шешу жолдары: сынып жетекшілермен тығыз байланыс орнату, оқушылардың сабаққа қатысуын сынып жетекшілер тарапынан қатаң бақылауға алуы, кәсіби бағдар бойынша жыл басынан бастап жұмысты жүйелендіру, атаулы іс-шараларды сынып жетекшілер арқылы ата-аналарға уақытылы түрде құлақтандыру.

МҚББ ЖОБ. Мектепшілік қосымша білім беру.

Оқушылардың болашақта жан-жақты бәсекеге қабілетті, өз маманының шебері болуы үшін қазіргі таңда оқушыларға берілетін қосымша білім беру жүйесінің маңызы өте зор болмақ. Осы орайда мектебімізде оқушылардың бос уақыттарын қосымша білім арқылы тиімді пайдаланып, өздерінің жеке қабілеттерін үйірмелермен секциялар арқылы дамыту үшін

қолайлы жағдай жасалған. Сыныптан тыс іс-шараларға қатысу арқылы әр оқушы өзінің зияткерлік, шығармашылық, физикалық потенциалдарын дамытуға мүмкіндіктері бар. Оқушылардың пайдалы іспен айналысулары жылдан-жылға өсіп келеді. Бұл үйірме мен секция жетекшілерінің сапалы жұмысын көрсетеді.

Мектебімізде 12 спорттық секциялар мен үйірмелер төмендегідей бағыт бойынша жұмыс атқаралы:

- ✓ Спорттық үйірмелер мен спорттық іс-шаралар салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған;
- ✓ Музыкалық, қолөнер, би үйірмелері мектеп оқушыларының шығармашылығын шыңдауға бағытталған.

Атап айтатын болсақ «Ақсауыт» әскери – спорттық, «Футбол», «Баскетбол», «Волейбол», «Үстел теннисі», «Қысқы президенттік көп сайыс», «Қол өнер», «Ұлттық аспаптар», «Радуга» би ансамблі, «Тоқу өнері», «Киім дизайні» үйірмелері жұмыс жасайды.

Мектебімізде барлығы 1119 оқушы білім алуда. Барлық қатысушылар саны – 379. Оның ішінде мектепшілік спорттық секцияларға – 219 оқушы қатысады; Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар – 38 қатысады; Сыдық Мұхамеджанов атындағы өнер мектебі» Ақалыр филиалынан жүргізілетін үйірмелерге – 122 оқушы қатысады;

№	Үйірмелер атауы	2018-2019 оқу жылында (338 оқушы)	2019-2020 оқу жылында (327 оқушы)	2020-2021 оқу жылы (379 оқушы)	Жетістіктері
1	Үстел теннисі	18	17	17	5
2	Волейбол	44	40	50	-
3	Баскетбол	41	40	50	-
4	Футбол	20	16	22	-
5	Ақсауыт	-	-	99	44
6	Шахмат	43	103	50	1
7	Тоғызқумалақ	-	-	43	4
8	«Еркеназ» би үйірмесі	-	-	30	-
9	Мен шебермін	-	-	-	-
10	Көркем өнер	-	-	40	-
11	Сиқырлы сандық	-	-	21	0
12	Кройка и шитье	-	-	19	1
13	Робототехника	-	-	30	12
14	Фотостудия	-	-	20	-
15	Радиоэлектроника негіздері	-	-	30	3

Сараптама: Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертені өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Жыл сайын үйірмелердің саны және ондағы оқушылар саны артуда. Мектептің салауатты өмір салтын насихаттайтын әлеуметтік-серіктестік байланысы, кент қоғамдастығының мәдени-спорттық және патриоттық акцияларға қатысуы кеңейді. Оқушылардың арасында көшбасшылықты дамыту; Оқушылардың туған жерінің тарихын зерттеуге қызығушылықтарын арттыра отырып, мұражай жұмысын жетілдіру; Сынып жетекшілердің инновациялық технологияларды қолдануы қажет; Оқушылардың мәдениетін қалыптастыру мақсатында коучинг, рухани-адамгершілік циклында әңгімелер өткізу.

ӘҚ. ЖОБ. Әдістемелік қамтылуы

Әдістемелік кафедралар

Мектепте тоғыз әдістемелік кафедралар жұмыс жүргізеді: мемлекеттік тіл, орыс тілі және әдебиеті, шет тілдер, қоғамдық-гуманитарлық, инженерлік-техникалық, ғылыми-жаратылыстану, эстетикалық пәндер, бастауыш сыныптар, салауатты өмір салты. Кафедра құрамында бес мұғалімнен кем болмауы тиіс. Әдістемелік кафедралардың жұмыс тақырыбы педагогтың кәсіби құзыреттілік деңгейінің өсуі арқылы білім сапасын арттыруға бағытталады.

Кафедраның жұмысының мақсаты: білім сапасын арттыру мақсатында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына жағдай жасау.

Міндеттері:

- инновациялық технологияларды танып-біліп, оқу-тәрбие үрдісіне енгізуі;
- озық педагогикалық тәжірибе қолдану арқылы педагог шеберлігін арттыруы;
- шығармашылық ізденісіне, әдістемелік құралдарды шығаруына, мұғалімдердің үздіксіз білім алуы мен шеберлігін арттыруға жағдай жасалуы;
- оқушылардың іс-әрекетін бағалау мониторингісі мен диагностикасын құруда мұғалім құзыреттілігін жоғарлатуы;
- кәсіби байқауларға, инновациялық-жобалау іс-әрекетіне, БАҚ-ның басылымына мектеп мұғалімдері қатысуы;
- жас және жаңадан келген мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасалуы.

Кафедраның жұмыс жүргізу бағыттары: оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және диагностикалық

Кафедраның оқу-әдістемелік жұмысына:

- мұғалімдердің біліктілігін арттыру;
- педагогтарға әдістемелік көмек көрсету;
- озық тәжірибемен танысып және енгізу;
- ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар жүргізу;
- оқу көрнекілік құралдарын қрастыруды және жетілдіруді жалғастыру;
- пәндер бойынша олимпиадалардың, байқаулардың, жарыстардың жалпы ережелерін құрастыру енеді.

Кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысына:

- кафедрада өз пәндер бойынша бағдарлар мен оқу жоспарларын құрастыру;
- жаңа педагогикалық технологияларды апробациядан өткізу;
- жаңа оқу курстарының, оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнын құрастыру енеді;

Кафедраның диагностикалық жұмысына:

- оқушылардың білімділік деңгейін айқындау мақсатында диагностикалық материалдарды құрастыру және апробациялау;
- мұғалімдер оқу үрдісін ұйымдастыруда қиындық туғызған сұрақтар бойынша талдау жүргізу;
- оқушылардың білім сапасын мектепшілік бақылауда жүзеге асыру жатады.

Оқу жылында әр кафедра ғылыми-әдістемелік тақырыбын айқындап және бекітіп, жүзеге асыру жұмысын жүргізеді.

Кафедраның жұмыс жоспары: педагогикалық диагностиканың дұрыстылығы, педагог қызметкерлерді аттестаттауға және қайыра аттестаттауға даярлауға; жылдық жұмысты талдау және жаңа оқу жылына жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді жоспарлау; оқу-тәрбие үрдісіндегі ғылыми-зерттеу жұмысының жағдайы және іс-әрекетке ағымдағы талдау; оқушылардың білім сапасының диагностикасы; дарынды балалармен жұмыс; оқу-тәрбие жұмысы

бойынша технологиялар мен әдістемелерді апробациялау; пән мұғалімдерінің эксперименталдық зерттеу, әдістемелік іс-әректін ұйымдастыру; педагогтарды кәсіби қолдау көрсетуде кеңес беруді ұйымдастыру; шығармашылық айлық жұмыстарын даярлау және жүргізу; пән байқауларын өткізу; жас мамандар мектебін ұйымдастыру.

Әдістемелік кафедралардың негізгі жұмыс формалары: семинарлар, дөңгелек үстел, ашық сабақ және оны талдау; өзіндік білім көтеру тақырыбы бойынша есебі; кеңестер.

Әдістемелік кафедралардың жұмысы нормативтік-құқықтық актілердің және жұмыс ережесіне негізделіп, жүзеге асырылады.

Әдістемелік кеңестің құрамы: мектеп директоры; директордың орынбасарлары; кафедра меңгерушілері; тәжірибелі мұғалімдер.

Мектеп-лицейдің әдістемелік кеңестің құрамына кафедралардан бөлек шығармашылық топ мұғалімдері, шығармашылық-зерттеу зертханалары кіреді.

Әдістемелік-жобалау іс-әрекеті

Мектептің педагогикалық ұжымы АҚ «Өрлеу» ҰБА, ҚО ОӘО, орталығымен, жоғарғы оқу орындарымен және республикамыздың кәсіби лицейлері, колледждері, мектептерімен тығыз байланыс орнатты. 9,11 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар жұмысын бірлесе жүргізеді. ҚарМУ, Тараз ПУ, л.н. Гумилев атындағы ҰЕУ, С.Сейфуллин атындағы агро-техникалық университетімен, ҚарМТУ, «Болашақ» өзекті білім беру Қарағанды университетімен бірнеше жыл қатарынан байланыс орнатылған. Мектебіміздің мұғалімдері мен оқушылары жоғарыда аталған оқу орындары ұйымдастыратын ғылыми-практикалық конференциялардан, негізгі пәндер бойынша және қашықтықтан өткізілетін олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болуда. Бірнеше жыл қатарынан облыстық ғарыштық және аудандық өлкетану мұражайларымен байланыс орнаған.

1. Жобалау-әдістемелік жұмыс:

Максаты: мұғалімдер мен оқушылардың кешенді білімді бірлесе ізденуі, қоғам қажетіне зияткерлік өнімін құруда білімдерін қолдана білу.

Міндеттері:

- мектепте жобалау іс-әректін жетілдіру және шығармашылық дамуын жалғастыру;
- шығармашылық жобалауда жаңа мүшелерін тарту;
- жобалау іс-әректіне қатысушылардың дәрежесін, жобалау-білімділік саласына жауапкершілігін, саналы тәрбиесін өсіру.

Жобалау-әдістемелік іс-әректті ғылыми-әдістемелік кеңес басқарады, құрамына жоғары және бірінші біліктілік санатына бар әкімшілік өкілдері, кафедра меңгерушілері, мұғалімдер кіреді. Олар оқыту семинарларын, кездесулерді, дөңгелек үстел, отырыстарды жүргізеді және шығармашылық есептерді ұйымдастырады, педагогикалық оқуларға қатысады.

Біздің мектеп мұғалімдері жобалау-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік іс-әректіне айналысады. Ғылыми-практикалық, ғылыми-теоретикалық (аудандық, облыстық, республикалық деңгейлерде), интернет-олимпиадаларға қатысады.

Мектептің оқыту және тәрбиелеу тұжырымдамасын жүзеге асыру тетіктері:

<p>«Заманауи педагогтың біліктілігін дамыту» стратегиясы</p>	<p>Мұғалімдердің озық тәжірибесін аудандық, облыстық деңгейде таратып, үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау; «Үздік сынып жетекшісі» байқауын өткізуді жоспарлап, мұғалімдердің сыныпты басқару құзыреттілігін жетілдіру, бөлінген көшбасшылық идеясын жүзеге асыру; «Жас маман мектебі» шығармашылық зертханасының жұмысын жандандырып, жас маман-тәлімгер арасында өзара сенімділікке негізделген ынтымақтастық орта құру.</p>
---	--

	<p>Мектептің магистранттарына бекітілген тәлімгерлердің жылдық жоспарының жүзеге асырылуын қадағалап, өзара тиімді жұмыс жүргізуге жағдай «Жетекші мектеп» жобасы аясында магниттік мектептермен әдістемелік оқыту, тәрбие жұмыс жүргізуде сеіктестік қатынастар орнату.</p>
<p>«Білім берудің мазмұнын жаңарту» стратегиясы</p>	<p>«Workshop. Бірге оқимыз» жобасының мақсаты: мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтеру, оқыту мен оқуда мұғалімдердің шеберлігін шыңдау, оқу әдістемесін жетілдіру, мұғалімдердің өзіндік дамуы және өзін өзі жетілдіруі үшін жағдай жасау, талантты, әлеуметтік белсенді мұғалімдерді қолдау, мұғалімдерді ынталандыру. «Workshop. Бірге оқимыз» жобасы аясында ZOOM платформасы негізінде облыстық Workshop-та мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі С.Бейсекеева «Pr» дыбысы және әріпі» тақырыбында сабақ өткізіп, тәжірибесімен бөлісті. Бастауыш сынып мұғалімі Ф.Искандирова «Ондықпен санау» тақырыбында сабақ өткізіп, тәжірибесімен бөлісті. Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Г.Толтаева «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» Өлеңнің тақырыбы мен идеясы» тақырыбында Learning Apps қашықтықтан оқытуға арналған платформасын қолдана отырып сабақ өткізіп, тәжірибесімен бөлісті.</p> <p>«Workshop. Бірге оқимыз» жобасы аясында аудандық Workshop-та бастауыш сынып мұғалімі Г.Игембаева «Сахна тілі» таңдау курсы бойынша «Шешендік өнер-халық қазынасы» тақырыбында сабақ өткізіп, тәжірибесімен бөлісті. Бастауыш сынып мұғалімі О.Искакова «Сөйлемдегі сөздердің байланысы. Әңгіме оқимын» тақырыбында Learning Apps қашықтықтан оқытуға арналған платформасын қолдана отырып сабақ өткізіп, тәжірибесімен бөлісті.</p> <p>«Зейін» жобасы негізінде 1-11 сынып оқушыларының оқу-жазу, жаратылыстану, математикалық функционалдық сауаттылықтарын дамыту арқылы, өмірге бейімдеу мақсатында әр сабақта және әкімшілік тарапынан бағалау кесінділері алынып отырды.</p>
<p>Бейіндік оқытуда кәсіптік білімі мен өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін қалыптастыру</p>	<p>«Мамандық әлемімен танысу» вариативтік курсы оқушыларға мамандығын таңдауына кәсіби бағыт-бағдар беру, түрлі мамандық өкілдерімен кездесулер өткізіп, кәсіби-бағдар беру жұмысын жандандыру. Кәсіби бағдар бойынша екі арнайы инженерлік және педагогикалық кабинет ашуға жұмыс жасау. Оқу жоспарының вариативті бөлігін құрастыруда оқушылардың және өз кентіміздің мамандарға сұраныс қажеттілігін негізге алу. Облыстық инновациялық жобаларға қатысуда нәтижеге жету;</p> <p>Оқушылардың бағыт-бағдар бойынша жеке жетістіктерін бақылау, бағалау үшін кәсіби бағдар беру бойынша «Үздік портфолио» байқауын өткізу;</p>
<p>«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында облыстық жобалар іске асырылуда</p>	<p>Болашаққа бағдар - «рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстық «Бір отбасы – бір кітап» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту. Азаматтың ой-өрісін, шығармашылық,</p>

	<p>әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды, отбасылық құндылыққа айналдыру. Отбасындағы балалардың жан дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту.</p> <p>«Өнегелі өмір» жобасы ұйымдастырылды. Мақсаты – мектеп оқушылары мен жетістік пен табысқа жеткен жерлестерімен кездесулерін ұйымдастыру. Жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Өмірге дайындау, қоғамда, өмірде өз орындарын таба білуге баулу және кәсіби бағдарлау.</p> <p>«Оқуға құштар мектеп» кітап оқуды дәріптеуге арналған о</p> <p>Мақсаты: Оқу мәртебесін, оқу белсенділігі және сапасын арттыру, сондай – ақ ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани- адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту және мектеп оқушыларының интеллектуалды әлеуетін арттыру</p>																				
<p>Мектеп- лицейдің материалдық-техникалық базасы</p>	<p>Инклюзивті білім беру бойынша кабинетті толықтай жабдықтандыру (пандус,подъемник multykid, you tolk, арнайы оқу құралдары, дамыту ойындары, арнайы жиһаз).</p> <p>Мектеп кітапханасының медиатекасын құру,компьютерлер санын көбейту, кітапхана қорын оқулықтармен,қазақ тіліндегі көркем әдебиет, анықтамалар мен энциклопедиялармен толықтыру.</p> <p>Кабинеттерді оқу әдістемелік материалдармен, интерактивті такталармен камтамасыз ету.</p> <p>2020-2021 оқу жылының басталуына байланысты 8 санитариялық-гигиеналық бөлмелер қайта жөнделіп, іске қосылды.</p> <p>Оның ішінде ЕОҚЕ оқушыларға арнап талаптарға сай дәретханаға реконструкция жүргізілді.</p> <p>Таза ауада денешынықтыру сабақтарын өткізу үшін шағын футбол-хоккей корты іске қосылды.</p> <table border="1" data-bbox="654 1456 1516 1657"> <tr> <td>Ноутбук «Lenovo»</td> <td>30</td> <td>180000</td> <td>5400000</td> </tr> <tr> <td>12.04.2020</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Принтер</td> <td>1</td> <td>84000</td> <td>84000</td> </tr> <tr> <td>28.04.2020</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Инклюзивный кабинет</td> <td></td> <td></td> <td>1000000</td> </tr> </table>	Ноутбук «Lenovo»	30	180000	5400000	12.04.2020				Принтер	1	84000	84000	28.04.2020				Инклюзивный кабинет			1000000
Ноутбук «Lenovo»	30	180000	5400000																		
12.04.2020																					
Принтер	1	84000	84000																		
28.04.2020																					
Инклюзивный кабинет			1000000																		

2. Әдістемелік-ұйымдастыру іс-әрекеті

Әдістемелік жұмыс – мектеп-лицейді басқару жүйесінде ерекше орынға ие және педагогикалық ұжымның, оқушылардың зияткерлік-мәдени және адамгершілікті әлеуетін жан-жақты дамытуға, қажетті педагогикалық құралдарды апробациялаумен енгізуге бағытталған.

Заманауи білім беру идеяларын жүзеге асырылуын мақсат еткен педагогикалық ұжым, өз іс-әрекетінде заманауи талаптарға сай ұйымдастырады:

- әдістемелік апталық, он күндіктер;
- аудандық, облыстық деңгейдегі семинарлар;

- оң, озық тәжірибені айқындау, жалпылау және тарату;
- мұғалімдер құрамының жалпы педагогикалық мәдениетін көтеру.

Әдістемелік жұмыстың мазмұны:

- шынайы қажеттілік пен кәсіби қызығушылықты білдіретін мектеп-лицейдің әдістемелік тақырыбы мен жұмысы;
- аттестаттау механизмі арқылы, педагогтердің өз бетімен білім алуын және өзін-өзі дамытудың әдістемелік сүйемелдеуі;
- тестілік және диагностикалық базаны енгізу арқылы, білім үдерісіне мониторинг жүргізу жүйесін әзірлеу;
- білім беру мен тәрбиелеудің заманауи әдістерін әзірлеу, талдау және енгізу.

Әдістемелік жұмыстың түрлері мен бағыттары:

- пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құру;
- әдістемелік әзірлеме-жеке тақырыпты, бөлімді, немесе жалпы оқу пәнін меңгеру әдістемесін ұйымдастыру;
- әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулар, дидактикалық материалдар, оқу бағдарламалары және сын-пікірлері және т.б.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру формалары:

- облыстық, аймақтық және республикалық біліктілік арттыру институттарының жұмысына қатысу арқылы, біліктілікті арттыру;
- әдістемелік кеңес;
- әдістемелік жиналыстар;
- жас педагог мектебінің жұмысы;
- педагогикалық жұмысының инновациялық тәжірибесін меңгеру, жалпылау және меңгеру;
- пән апталықтары мен олимпиадалары;
- педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысу;
- ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу.

2020-2021 оқу жылында: Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының тапсырысымен 2021 жылдың 18 қаңтарынан бастап оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған апталықтар өткізілді.

Мақсаты: функционалдық сауаттылықты дамыту үшін жағдай жасау, білім сапасын арттыру, нақты өмірлік жағдайларда оқушылардың функционалдық дағдыларын қалыптастыру саласында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ата-аналар қауымдастығы, отбасы және балабақша мен мектепті бірлескен қызметке тарту.

Апталықтар ережеге және өткізу кестесіне сәйкес өткізілді:

№	Атауы	Өткізу күні
1.	«XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры!» оқу сауаттылығы апталығы	18-23.01.2021
2.	«Математика біздің айналамызда» математикалық сауаттылық апталығы	25-30.01.2021
3.	«Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығы	01-06.02.2021
4.	«Кұқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы	08-13.02.2021
5.	«Денің сау болса, бәрін аласың» дене шынықтыру сауаттылығы апталығы	15-20.02.2021
6.	«Қаржы әлемі» қаржылық сауаттылық апталығы	22-27.02.2021
7.	Неделя читательской грамотности «XXI век-век грамотного поколения!»	01-06.03.2021
8.	«Ғылым, техника, табиғат» жаратылыстану-ғылыми сауаттылық апталығы	09-13.03.2021
9.	Үштілді білім беру апталығы	12-17.04.2021
10.	«Ғаламшарды сақта!» экологиялық сауаттылық апталығы	19-24.04.2021

Қарағанды облысының ББД ОӘО орталығының ұйымдастыруымен функционалдық сауаттылыққа облыстық 9 апталық өтті. Бұл апталықтарға мектеп ұжымы белсене қатысты. Апталық барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және алған білімдерін практикада қолдана білуге мүмкіндік беретін тиімді жұмыс тәсілдерін қолдану әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу мақсатында сынып сағаттары, үздік жарнамалар, 3 минуттық видео-репортаждар, челленждар, Kahoot тесттар, бестік диктанттар, тесттар, эссе байқауы, танымдық сайыстар, квест ойындары, зияткерлік сайыстар, шешендік өнер сайысы, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек стол, буктрейлер, сахналық қойылымдар, фотоакциялар, «кітапалмастыру» акциясы, экскурсиялар, пікіралмасулар, кітап фестивалы, жоба дизайнер байқауы, кітап фестивалі, дебаттар, саптық жиындар, ребустар сайысы, сөзжұмбақ байқауы, оқушы жобаларының байқауы, шығармашылық жұмыстар байқауы, эссе байқауы, кездесулер, мектеп тарихына саяхат, әңгіме-сұхбаттар, фильмдер көру, әңгімелесу талқылаулар, танымдық ойындар, іскерлік ойындар, суреттер көрмесі, бейнероликтер конкурсы, олимпиадалар, плакаттар конкурсы, әдеби-құқықтық викториналар өз мәнінде өтіп, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға зор үлес қосты.

Әр апталықта ұстаздар шеберлік сыныптар өткізіп отырды «Математика айналамызда» математикалық сауаттылық апталығында «Оқытудың белсенді әдістері» тақырыбында Жекебай А. Ақпарова А.Б. «Активные методы обучения» тақырыбында Гремякова Л.Н. Оқу сауаттылығы апталығында «Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы» тақырыбында Жекебай А. «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығында «Оқытудың белсенді әдістері» тақырыбында Игембаев Р.К., Кельдиярова Р.А. «Активные методы обучения» тақырыбында Мукеева Ж.А. «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығы «Мультимедиа объектілерін Web-бетке енгізу үшін HTML-тегтерді қолдану» тақырыбында Ақпарова А.Б. «Web жобалау» тақырыбында Райымбекова Д.М. Неделя читательской грамотности «XXI век-век грамотного поколения!» апталығында «Я читатель» тақырыбында Нурхайдарова Г.А. «Денің сау болса, бәрін аласың» салауатты өмір салты апталығында «Тыныс алу жаттығулары арқылы денсаулық» тақырыбында бодифлекс С.Исина, «Здоровье через дыхательную гимнастику» тақырыбында бодифлекс Л.Сазонова.

«Зейін» жобасының аясында инженерлік-техникалық пәндер кафедрасының мұғалімдері Сартаева Г.К., Жаппарова Ф.Т «Математикалық сауаттылыққа» 5-9 сыныптарға арналған тапсырмалар жинағын құрастырса, орыс тілінде оқытылатын сыныптарға математика пәнінің мұғалімі Л.Н. Труфанова «Сборник заданий по математической грамотности в рамках проекта «Зейін» тақырыбында мұғалімдерге арналған көмекші құрал әзірлеп шығарды. Физика пәнінің мұғалімдері Ахметова Г.А., Жекебай А., Шиянбекова Г.Ж. «Зейін» жобасы бойынша физика пәнінен функционалдық сауаттылық тапсырмаларына арнап, мұғалімдерге арналған көмекші құрал әзірледі.

Ғылыми-әдістемелік іс-әрекеті

Әдістемелік жұмыс тақырыбы: «Бөлінген көшбасшылықты жүзеге асыру арқылы, білім сапасын арттыруда, мектепшілік мәдениетінің жаңа деңгейін қалыптастыру».

Мақсаты: педагогикалық ұжымның ғылыми-зерттеушілік және шығармашыл әлеуетін, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасау арқылы, әдістемелік жетелеуді жүзеге асырып, оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру.

Міндеттері:

- 1) Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету;
- 2) Педагогтердің кәсіби дамуына, шеберліктерін арттыруда өз білімін көтеруге тиімді ахуал туғызу;
- 3) Үштілдікті – білім беру мазмұнын жанартудың басты факторларының бірі ретінде, «Көптілді ұстаз» жобасының мақсаттарын жүзеге асыру;
- 4) Мұғалімнің шығармашыл ізденісін қолдап, өз әдістемелік өнімін шығаруға, білімін жетілдіру арқылы үзіліссіз білім алуға жағдай жасау;

5) Педагогтардың ғылыми-зерттеу, эксперименталдық-инновациялық іс-әрекетін ұйымдастыру, педагогикалық мазмұндық қолдау жасау;

6) Мұғалімдердің инновациялық, жобалық іс-әрекет жасауына, зияткерлік-кәсіби сайыстарға қатысуын, БАҚ-да басылуын талап ету арқылы;

7) Жас және жаңадан келген мамандардың құзыреттіліктері қалыптасуына жағдай жасау;

8) Негізгі пәндерді меңгеруде жаңа талап қою арқылы, бақылау тәсілдерін, әдістемесін өзгерту арқылы оқушылар нәтижелері жоғарылату, функционалдық сауаттылықтарын арттыруды негізге алу.

Ақпараттық-әдістемелік іс-әрекет

Мұғалімдердің ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы және мақалаларының баспа беттеріне жарияланған материалдар тізімі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Қызметі	Конференция/мақала/ атауы	Нәтиже
1	Каракесекова С.И.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Решение логических задач»	«Қазақстан ұстазы» журнал №11. 2020ж «Диплом» мақала жариялаған үшін
2	Муханова А.А.	Бастауыш сынып мұғалімі	Литературное чтение 2 класс. «Верблюды и мальчик».	«Қазақстан ұстазы» халықаралық ғылыми-әдістемелік жинақ 2020ж «Диплом» мақала жариялаған үшін
3	Хасенова Т.М.	Тарих пәнінің мұғалімі	Гете мен Абай: тағдыры мен шығармашылығының үндестігі.	«Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты аудандық ғылыми-практикалық конференция
4	Торғасева А.К.	Өзін-өзі тану мұғалімі	Өзін-өзі тану пәнінде Абай Құнанбаевтың қара сөздерінің тәрбиелік мәні.	«Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты аудандық ғылыми-практикалық конференция
5	Тұлеуова И.Б.	Информатика пәнінің мұғалімі	Абай мен Шәкәрім ілімінің үндестігі.	«Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты аудандық ғылыми-практикалық конференция
6	Ақпарова Г.С.	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Абай қара сөздеріндегі тәлім-тәрбие мәселесі.	«Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты аудандық ғылыми-практикалық конференция
7	Махмұтова Ш.М.	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Абай өлеңдеріндегі психологиялық көзқарастар.	«Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты аудандық ғылыми-практикалық конференция
8	Игембаев Р.К.	Тарих пәнінің мұғалімі	Абайдың қара сөздері және шежіре төңірегіндегі ойлары.	«Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты аудандық ғылыми-практикалық конференция
9	Хуат А.	Ағылшын пәнінің мұғалімі	«Мамандығым мақтанышым»	Бастауыш мектеп оқыту журналы, №1.2021ж қаңтар – ақпан айы
10	Хуат А.	Ағылшын пәнінің мұғалімі	Ағылшын тілін үйренуде қолданылатын әдіс – тәсілдер түрлері.	«Тағылым» журналы
11	Бямакаева Г.Ж	Математика пәнінің мұғалімі	Жанартылған білім беру мазмұны математика сабағында	«Қазақ Білімі» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы. «Диплом» I

				дәрежелі «Үздік мақала номинациясы»
12	Жекебай А.	Физика пәнінің мұғалімі	«Көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау»	«Білім өркеннеті» ұлттық инновациялық ғылыми орталығының жинағы.
13	Гремякова Л.Н.	Физика пәнінің мұғалімі	Творческий подход к изучению физики.	«Педагогический мир Казахстана» журнал
14	Максұтова А.А.	Қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі	«Өмірі өнегелі өр тұлға»	«Шет өңірі» газеті 2021ж
15	Шопанова Ж.О.	Қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі	«Абай тағылымы»	«Орталық Қазақстан» газеті 2021 ж
16	Ишмагамбетова Р.О.	Орыс сыныптарында қазақ тілі пәнінің мұғалімі	Орыс сыныптарында қазақ тілін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері	«Тағылым» Республикалық ғылыми – әдістемелік» журнал № 11, 2020ж
17	Нурмағанбетова Б.Т	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	«Инновационные методы обучения литературе»	Свидетельство о публикации учебно-методического материала на официальном сайте педагог.портала, 2020
18	Солдатенкова И.В	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	«Педагогика в теории и на практике: актуальные вопросы и современные аспекты». Статья «Применение эффективных методов и приемов процесса "Исследование урока" в целях повышения качества образования	Свидетельство о публикации КСП -9 класс на официальном сайте педагог.портала, 2020 Сборник. Международная НПК
19	Нурхайдарова Г.А	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	КСП 7 кл, русский язык «Здоровый образ жизни литература»	в сайте uchitelya.kz
20	Шадет Б.	Биология пәнінің мұғалімі	«Биология пәнінің оқыту барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары»	«Қазақстан ұстазы» Республикалық педагогикалық ғылыми – әдістемелік журналы № 11 (108) қараша 2020 жыл
21	Тамабаева Н.А.	География пәнінің мұғалімі	«Развитие географической науки»	«География және тарих» Республикалық педагогикалық ғылыми – әдістемелік журналы № 11 (108) қараша 2020 жыл
22	Тасырбаева Д.Д.	Тарих пәнінің мұғалімі	«Қазақстан тарихы» пәнінде белсенді оқыту әдістерін қолданудың тиімді әдістемесі	Әдістемелік нұсқаулық
23	Муханова А.А.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Дистанционное обучение»	«Zharqyn Bolashak» Республикалық ғылыми – әдістемелік журналы
25	Ишмагамбетова Р.О.	Орыс сыныптарында қазақ тілі пәнінің мұғалімі	«Қыдыр қонған төр» 7-сынып Қазақ тілі. ҚМЖ.	«Ізденіс» республикалық педагогикалық ғылыми – әдістемелік журналы №11; қараша 2020ж
26	Ишмагамбетова Р.О.	Орыс сыныптарында қазақ тілі пәнінің мұғалімі	Жанартылған білім мазмұнында Абайтану: Ақын шығармашылығын тың танымда таныту.	«Қазақ тілі мен әдебиеті» республикалық педагогикалық ғылыми – әдістемелік журналы №09, қыркүйек 2020ж
27	Ишмагамбетова Р.О.	Орыс сыныптарында	Арқаның ардақтысы-Сәкен.	«Сахара сұлтаны Сәкен» аймақтық ғылыми-

		қазақ тілі пәнінің мұғалімі		тәжірибелік конференция
28	Ишмагамбетова Р.О.	Орыс сыныптарында қазақ тілі пәнінің мұғалімі	Алаш зиялысы-Әліхан Ермеков	«Әлімхан Ермеков және Тәуелсіз Қазақстан» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция. Сәуір. 2021ж
29	Игембаев Р.К.	Тарих пәнінің мұғалімі	Әлімхан Ермеков-қағам және мемлекет қайраткері	
30	Төлеген Г.Т.	Тарих пәнінің мұғалімі	Әліхан Ермеков және алаш зиялылары: Бір мақсат, бір мүдде	«Әлімхан Ермеков және Тәуелсіз Қазақстан» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция. Сәуір. 2021ж
31	Ержан М.	Құқық пәнінің мұғалімі	Алаш жолында жан қиған Әліхан Ермеков.	«Әлімхан Ермеков және Тәуелсіз Қазақстан» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция. Сәуір. 2021ж
32	Солдатенко И.В.	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	Білім сапасын арттыру мақсатында «Сабақты зерттеу» үдерісінің тиімді әдіс-тәсілдері. Жетекші мектептердің тәжірибесімен алмасу, қорытындылау және Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату	Қарағанды облысы бойынша ұйымдастырылған аймақтық форум сертификат
33	Жекебай А.	Физика пәнінің мұғалімі	Білім сапасын арттыру мақсатында «Сабақты зерттеу» үдерісінің тиімді әдіс-тәсілдері. Жетекші мектептердің тәжірибесімен алмасу, қорытындылау және Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату	Қарағанды облысы бойынша ұйымдастырылған аймақтық форум сертификат
34	Хамитова У.М.	Мектепалды даярлық сынып мұғалімі	Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын дамыту мен тәрбиелеудегі психологиялық-педагогикалық технологиялар.	«Шет өңірі» газеті 4 ақпан 2021 ж. №05 (257)

Сараптама:

2020-2021 оқу жылында мектеп бойынша 32 мұғалімнің оқу-әдістемелік тақырыптағы мақалалары БАҚ-да жарық көрді. Мақалалардың басым саны оқу-тәрбие үрдісін жандандыру мақсатында, мұғалімдердің зерттеу, ғылыми-әдістемелік бағытта жасаған жұмыстарының нәтижесінде туындап отыр.

Мәселе:

- БАҚ-да жарияланған мақалалар саны артқанымен, жүзден астам педагогтардың санына шаққанда үлесі әліде аз;
- Жеке пәндер бойынша көтерілген өзекті тақырыптық мақалалар кең түрде жазылуы тек жоспарлануда, әдістемелік апталықтар қорытындысы бойынша мақалалар жарияланбады;
